

3 Тіл жанашырлары тұғыр биігінде



6 Қордағы құнды кітаптар қалай тіл қатады?



# Сыр бойы

7 қыркүйек, сенбі 2024 жыл

№137-138 (20811-20812) Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады



www.facebook.com/syrboyi\_kz  
www.instagram.com/syrboyi\_kz  
t.me/syrboyi\_kz  
twitter.com/syrboyi

## /// ПРЕЗИДЕНТ



### СЕНІМДІ СЕРІКТЕСТІК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ислам даму банкінің президенті Мұхаммед Сулейман әл-Джассерді қабылдады.

Әңгімелесу барысында ел экономикасының өсімін ынталандыру мақсатында өзара тиімді ынтымақтастық құру перспективалары талқыланды.

Мемлекет басшысы Ислам даму банкі Қазақстанның орнықты дамуға ұмтылысы жолында сенімді серіктес болып келе жатқанына назар аударды.

Банкпен ынтымақтаса жұмыс істеген жылдар ішінде жалпы инвестиция көлемі 2 миллиард долларға жуықтайтын 70-тен астам бірлескен жоба жүзеге асырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев аталған банкпен арадағы Стратегиялық негізгі келісімнің жаңаруын құптады. Оның аясында бірқатар маңызды инфрақұрылымдық және индустриялық жобаны жүзеге асыру үшін қосымша қаржылай қолдау шарттары қарастырылған.

Өз кезегінде Мұхаммед Сулейман әл-Джассер бірлескен жобалардың жүзеге асырылуын оң бағалап, Қазақстан экономикасын әртараптандыру ісіне одан әрі атсалысуға дайын екенін жеткізді.

## /// ЖОЛДАУ

### ЖҮКТЕЛГЕН МІНДЕТТЕР ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ КҮШЕЙТЕДІ



Бейсенбіде облыс активінің жиыны өтіп, онда облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Президент Жолдауынан туындайтын міндеттерге жеке-жеке тоқталды.

Жолдаудың басым бағыттары бойынша Үкімет жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын әзірлейтінін, мұндай құжаттың өнірлік нұсқасы

да бекітілуі керігін атап өтті. – Міндеттерді іске асыру үшін нақты шаралар қабылдауымыз қажет. Бұл шаралардың түпкі


нәтижесі – халық табысын арттыру, инфрақұрылымды одан әрі дамыту жөніндегі жұмыстарды жаңғырту, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адами капиталдың жан-жақты дамуы үшін мүмкіндіктерді кеңейту, – деді облыс әкімі.

Мемлекет басшысы, ең алды-

мен, ақша-несие саясаты мен фискалды саясат арасындағы үйлесімсіздікті жою үшін бюджет саясатының тиімділігін арттыруды, салық заңнамасын жетілдіруді тапсырды. Осы ретте жыл аяғына дейін жергілікті бюджеттің қосымша түсім үлесін 135 млрд теңгеге жеткізу жоспарланып отыр. Облыс бюджетіне жеке табыс салығы бойынша жыл сайын 35-40 млрд теңге қаржы түседі. Бұл – жергілікті бюджет кірісінің 30%-ы. Ендігі жерде салық заңдылығына енгізілетін өзгерістерді зерделеп, жергілікті бюджет түсімінің азаюына жеткізбеу керек.

Көктемгі егін және егін жинау жұмыстарын қаржыландыру көлемінің 7 есе артуы дикан қауымын қуантқан жаңалық болды. Ауыл халқының әл-ауқатын жақсартуға, әлеуметтік мәселелерін жедел шешуге бағытталған «Ауыл аманаты» жобасы жалғасады. Бұл жолы ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуге басымдық беріледі. Былтыр жеңілдетілген несие қаржысының 28%-ы асылтұқымды мал сатып алуға бөлінді. Өнім көлемін 2 есе ұлғайту жөніндегі жол картасына сәйкес биыл өңірдің агроөнеркәсіп кешеніне 22,6 млрд теңге инвестиция тартылмақ.

2-бет



## БАБА ДӘСТҮРІНІҢ БАЙРАҒЫ

### ЕРТЕҢ ҰЛЫ ДАЛА ДҮБІРІ БАСТАЛАДЫ

Дүниежүзілік көшпенділер ойындары – этникалық спорт түрлері өткізілетін халықаралық спорт жарыстары. Жарыстар Орталық Азияның тарихи көшпелі халықтарының ұлттық ойындарына негізделген. Бұл адамзат өркениетінің мұрасы ретінде этносportтық және этномәдени қозғалысты дамытуға бағытталған.

Көшпенділер ойындарының жалауы осыдан он жыл бұрын Қырғызстанда көтеріліп, үш жыл бойы осы елде, сосын Түркияда өткізілген. Осылайша, дүйім жұрттың делебесін қоздыратын дода көп ұзамай дүниежүзілік сипатқа ие болды.

Биылғы жылы бұл додалы дүбір Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Астанада өткізілетін болып шешілді.

Түркі әлемі көз тіккен V Дүниежүзілік көшпенділер

ойындары ертең, 8 қазан күні Астанада басталмақ. Бұл халықаралық спорт мерекесіне еліміздің атынан 261 спортшы қатысады.

Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының бағдарламасы спорт, мәдениет, ғылым сынды негізгі үш саланы қамтиды. Осы үш саланы біріктірудің арқасында көшпенділер мәдениетін зерттеп, жаһандық деңгейде насихаттау мүмкіндігі артады.

5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында ат спортымен ұлттық күрес түрлері, садақ ату, дәстүрлі интеллектуалды ойындар, саятшылық өнер, жамбы ату, арқан тарту,

ат үстіндегі күрес сынды ұлттық және халықтық ойындардың 20-дан аса түрінен жарыс өтеді. Мысалы, ат үстіндегі күреске еліміздің алты спортшысы қатысады. Бұл спорт түрінен бізбен бірге Түркия, Қырғызстан, Мажарстан, Қытай елдерінен келген күштілер бәсекеге түседі.

Бұған қоса ресми бағдарламадан тыс, ұлттық өнердің 10 түрін таныстыру мақсатында өтетін арнайы көрсетілім сайыстары белгіленген.

«Қазанат» ипподромы мен оның маңында орналасатын «Көшпенділер әлемі» этноауылында ат жарыс, көкпар, саятшылық өнері мен садақ ату жарыстары өтеді. Қалың көрермен Жақсылық Үшкемпіров атындағы жекпе-жек сарайы мен «Алау» мұз айдынында ұлттық күрес түрлері мен халық ойындарын, «Думан» қонақүй кешенінде интеллектуалды ойындар сайысын қызықтайды.

Көшпенділер ойындарының идеясын толық ашу үшін еліміздің барлық аймағында «Бірлік керуені» жобасы іске асырылды.

«Қазанат» ипподромының аумағында «Көшпенділер әлемі» атауымен этноауыл құрылады. Этноауылда апта бойы Қазақстан мен әлем елдерінің үздік колөнер шеберлерінің көрме-жәрменкесі, шеберлік сабақтары өтеді. Ақындар айтысы мен төл мәдениетімізді паш ететін басқа да іс-шаралар ұйымдастырылады. Этноауылды бір күнде 30 мың көрерменнің аралауына жағдай жасалады. Сондай-ақ Ұлттық музейде Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жұмысы басталады. Онда көшпелі халықтар өркениетінің адамзат тарихындағы маңызы мен мұрасы зерттеліп, ғылыми баға беріледі.

Көшпенділер ойындарына қатысатын жүзден аса елдің 4 мыңға жуық спортшыларынан басқа, түркі жұртының ойын түрлерін көруге Астанаға 100 мың турист ат басын тіреп отыр. Ал жарыс туралы отандық телеарналардан бөлек, EuroNews, BBC, CNN секілді алпауыт телеарналар шартарапқа ақпарат таратады.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,  
«Сыр бойы»



Қолжазба Қ. Орабаев

## PARIS 2024 PARALYMPIC GAMES



Паралимпиада мүмкіндігі шектеулі адамдар арасындағы ең ірі халықаралық спорттық шара. Мұнда спортшылар тек нәтиже көрсетіп қана қоймайды, қоғамдағы мүгедектік туралы түсінікті өзгерту арқылы мыңдаған жанның өмір салтына қуат береді.

## АСҚАҚ РУХТЫ АРЛАНДАР

Парижде өтіп жатқан XVII Жазғы Паралимпиада ойындарына 182 елден 4400 спортшы қатысуда.

Ертең, 8 қазан күні жабылатын бұл додалы бәсекеде ел спортшылары медаль нәтижесі бойынша 34-орынға шығып отыр.

Ел намысын қорғаған атлеттеріміз екі бірдей алтынға қол жеткізді. Бұл – Қазақстан үшін паралимпиада тарихында бұрын-соңды болмаған көрсеткіш.

6-бет

## /// ӨРКЕН

### ТҮЛЕЙ ТҮСКЕН «ТАСБӨГЕТ»

«Тасбөгет» кенті қаламен қатар қарқынды дамып келеді. Мұнда 30 000 халық түтін түтетіп отыр. Қала іргесінде орналасқан кент сонау 1948 жылы алып құрылыстың басталуы негізінде бой көтерген. Сырдария өзеніне су тоспасын салу үшін шақырылған мамандар осы аумаққа қоныстанып, жаңа ауданның негізі қаланған болатын. Содан бері кент көрегісі кеңейіп, өркениет көшінде қалыптасып келеді.

Кентте алғашында ашылған әлеуметтік нысандар мектеп, мамандар даярлайтын оқу орны, дәрігерлік пункт болатын. Ал су тоспасы 1956 жылы ел игілігіне беріліп, кейіннен «Тасбөгет» поселкесі Сырдария ауданының орталығы саналды. Қызылорда қаласына қосылған ширек газыран астам уақыт көлемінде бұрынғы қыстақ кент статусын алып, көлемі ұлғайып, құрамына «Сабалақ» бау-бақшалық серіктестігі мен «Иіркөл» елді мекені енді.

Бүгінде кенттің «Белкөл» беткейіне жеке тұрғын үйлер көптеп салына бастады. Жаңадан көшелер түсіп, кент келбетін айықтай түсті. Көше саны 52-ге жетіп, асфальт пен кийіршық тас төселіп, түнгі жарықшамдар орнатылды. Жаңадан жолаушылар тасымалы бағыттары ашылып, кент орталығы мен қалаға жаңа үлгідегі автобустар үздіксіз қатынайды. Қазіргі таңда кентте бес қабатты 4 тұрғын үй бой көтеріп келеді. Бұдан басқа заман талабына сай спорт кешені, 1000 адамға арналған жаңа мешіт құрылысы салынып жатыр.

4-бет

Валюта бағамы \$ 482,94 kzt

€ 535,97 kzt

₺ 5,35 kzt

Ауа райы

+18° +21°

+20° +23°

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

КОМИССИЯНЫҢ  
КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫОблыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен  
терроризмге қарсы күрес комиссиясының кезекті  
отырысы өтті.

Онда «Экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимылдың мемлекеттік жүйесін дамытудың 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарының» облыста орындалуы қаралды. Сондай-ақ аймақты дінтанушы-теолог мамандармен қамту, шетелдік күмәнді теологиялық білім алудың тиімсіздігі туралы ақпараттық-түсіндірмелік жұмыстар, Арал және Қазалы аудандарында деструктивті діни ағымдар профилактикасын ұйымдастыру нәтижелері сараланды.

Мәжіліс қорытындысымен облыс әкімі сала басшыларына осы жұмыстарды қарқынды жүргізуді тапсырып, бірқатар міндеттер жүктелді.

ЖҮКТЕЛГЕН МІНДЕТТЕР  
ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ КҮШЕЙТЕДІ

Одан бөлек, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді тиімді пайдалану, еліміздің өнеркәсіп әлеуетін толық пайдалану, инфрақұрылым саласының өзекті мәселелерін дер кезінде шешу бағыттары да сөз болып, облыс әкімі жауапты сала басшылары мен орын басарларына арнайы тапсырмалар жүктелді.

«Қазір әлемде энергия тапшылығы күшейіп барады. Елімізге сенімді және экологиялық таза қуат көздері аса қажет. Себебі экономикамыз күн өткен сайын мол энергияны қажет етуде» деді Президент. Қызылорда қаласында құрылыс қарқынды жүріп жатқан жана жылу-электр орталығы мәселені оңтайлы шешудің көрінісі іспетті. Оған жауапты болып түрік компаниясы таңдалды. Компания орталық құрылысына 85 млрд теңгеден астам инвестиция салды. Жыл аяғына дейін қаржы көлемін 115 млрд теңгеге жеткізуді жоспарлап отыр. Өңір басшысы тәуелсіздік жылдарындағы инвестор қаржысына салынатын ең ауқымды, теңдессіз жоба алдында еш кедергі болмауы керекін еске салды. Жылу орталығын газбен қамтамасыз ететін газ құбыры құрылысының да

1-бет

уақытылы аяқталуы қатаң бақылауда болады.

Тұрғындарды газбен қамтамасыз ету жайы да Үкіметтің күн тәртібінен түскен емес. Жыл басынан бері облыстағы 5 ауыл табиғи газға қосылса, бұл көрсеткіш жыл соңына дейін тағы 6 елді мекенмен толықпақ. Сол кезде халықты газдандыру үлесі 78%-ға жетеді. Қызылордалықтардың 98,4%-ы орталықтандырылған су тұтынып отыр. Дегенмен, оған қолы жетпеген 26 елді мекен бар. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2025 жылдың соңына дейін оларға да сапалы ауызсу апару міндеті қойылған.

Жолдауда жеке мектептер мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Аймақта мұндай білім орындарының саны 40-қа жетті. Облыс әкімі бұл оқушы орнының тапшылығын болдырмауға және жұмыссыздық үлесін азайтуға көмектескенімен, басқа түйткілдерді туғызуы мүмкін екенін айтты. Осыған байланысты құзырлы мекемелерге жеке мектептердің білім сапасына, педагогтардың сапалық құрамына, оқулықпен қамтамасыз ету мәселесіне жан-жақты талдау жүргізуді тапсырды.

Ұлт саулығын нығайту, халықты әлеуметтік қолдау жүйесін жаңғырту

жайы да кешенді шаралар қабылдауды қажет етеді.

— Медициналық сақтандыру жүйесіне қатысушылар арасында міндеттердің дұрыс бөлінбеуі бұрмаланған ақпараттың көбеюіне әкелуде. Облыс бойынша әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының филиалы медициналық сақтандыру жүйесіне халықтың сұранысы бойынша қажеттілікті ескеріп, қаржының бөлінуін қайта қарауды және бөлінген қаржының тиесілі жұмсалыуына мониторингті күшейту қажет. Дағдарыс санатындағы отбасылардың 5%-ын қолайлы санаттарға ауыстыру жоспары бойынша өңірлік штаб құрылып, жұмыс істеп жатыр. Тиісті құрылымдар бұл жұмысты қарашаға дейін аяқтауы керек, — деді облыс басшысы.

Мәжілісте Жолдау жүктеген міндеттер айқындалып, таяу мерзімге арналған мақсат-міндеттермен қатар, нақты іс-қимыл алгоритмі белгіленді. Тек сөз бен іс қабысып, жоспар ретімен орындалса, саяси құжаттың мазмұны арта түспек.

Назерке САНИЯЗОВА,  
«Сыр бойы»

/// ПІКІР-ПАЙЫМ

КӨП ТҮЙІННІҢ ТАРҚАУЫ  
БІЛІКТІ КАДРҒА  
БАЙЛАНЫСТЫ

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауын тікелей эфирден тыңдадық. Экономика, білім мен инновация және басқа да салалар бойынша маңызды деген тоғыз бағыт айқындалды.

Мен енді жоғары оқу орнының оқытушысы болғандықтан өзіме тікелей қатысты бағыттарға тоқтала өтсем деп едім.

Жоғарыда аталған тоғыз басымдықтың бесіншісінде елдің кадрлық әлеуетін дәйекті түрде арттыру маңыздылығы туралы сөз қозғалып өтті. Соның ішінде еліміздің керегесінің мықтылығын айғақтайтын экономикалық білікті кадрлармен қамтамасыз ету — ең өзекті міндет деп көрсетті. Мұның ішінде әр сала мамандарының тапшылығы, жақсы мамандардың жетіспеушілігі айтылды. Ол кешегі Батыс өңірлердегі су тасқыны кезінде анық сезілгені рас. Сондықтан су шаруашылығы, құрылыс, энергетика және тағы басқа мамандардың тапшылығын ескеру керек.

Айталық, су шаруашылығы мамандары мәселесін шешу үшін Үкімет жанындағы Су шаруашылығына қатысты жұмыстарды жандандыру қажет, білімді сарапшыларды жұмысқа тарту керек.

Ел экономикасын тұрақты дамытуға су тапшылығы қатты кедергі болып отыр. Қазір бұл ұлттық қауіпсіздік мәселесіне айналды. Сырттан келетін су азайып барады. Сол судың өзін тиімсіз пайдалану жағдайы одан әрі ұшықтырауда. Судың 40 пайызы құмға сіңіп жатыр. Бұл салада басқа да түйткілдер аз емес.

Су жағдайы — адамзат үшін өте маңызды стратегиялық мәселе. Сондықтан оған немісқарайлы қарауға келмейді. Суды қатты бақылауға алу қажет. Оны жер иеленушілер мен жер иелерінен талап ету керек. Қазір не көп, жеке қожалықтар мен бау-бақша егушілер көп. Күріш егіп, күнін көріп отырған елді мекен көп. Енді солардың егістік алқабының нақты көлемі мен өзеннен алып отырған су көлемін салыстыру керек сияқты. Себебі, қағаз жүзінде көрсетілген жер көлемі бөлек, ал нақты жер көлемі басқа болуы мүмкін. Соған орай да су шығыны көптеу болады. Ал өзеннен берілетін су жоғарыдан есептеліп бөлінеді.

Су тапшылығы тығырығынан

шығатын тағы бір жол — жерасты су қорларын барлау. Бізде кезінде құмды аумақтарда мал шаруашылығына пайдаланылған скважиналар бар, артезиан су қорлары бар солардың көзін ашу керек шығар.

Расында көптеген артық, есепте жоқ суару каналдары шашырап жатыр. Суға дұрыс есеп жоқ. Ғылыми негіздеме жоқ, мамандар тапшы. Сол себепті, қажет мамандарды даярлау үшін бұл саладағы іргелі әрі мықты жоғары оқу орындарын анықтау керек.

Қазақстанда ең көлемді суармалы егін алқабы Қызылорда облысына тиесілі. Бұл жерде су мамандарын дайындауда Сыр өңірі үшін, әсіресе жергілікті Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің әлеуеті жетерлік деп есептеймін. Университеттің бұл салада базасы жақсы қалыптасқан, тәжірибесі жоғары, 50 жылға жуық білікті де білімді жүздеген су шаруашылығы майталманын шығарды. Қазіргі уақытта университет ғалымдары мен сала мамандары Өзбекстанның ЖОО ғалымдарымен бірлескен оқу бағдарламаларын жүзеге асыруда. Бұл жоғары сапалы су мамандарын дайындаудың алғы шарттарының бірі деп білемін.

Жолдауда келешекте жоғары білім беруді интернационалдандыруды жүзеге асыруда көптеген жұмыс жүргізіліп жатқаны айтылды. Олардың қызметіне, оның ішінде мамандарды даярлауға мемлекеттік тапсырысты кезең-кезеңімен кеңейту арқылы барлық жәрдем көрсететіні қуантарлық жағдай. Сондықтан бұл жеңілдіктер білім беру бағдарламалары заманауи талаптарға сай келетін Қорқыт ата университеті сияқты отандық жоғары оқу орындарына да қатысты.

Президенттің 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялаймын дегені көптеген қарапайым жұмысшы мамандарды бір серпілтіп қойды. Алдағы жыл жұмысшы мамандардың жемісті

жылы болады деп білемін. Келер жылды «Жауапты азамат — адал еңбек — лайықты жетістік» қағидатымен бастағалы отырмыз. Бұл біздің адал да қажырлы еңбеккерлеріміздің құрметіне лайық деп есептеймін» деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Жолдауда мектептердің функционалдығын нығайту, педагогтардың біліктілігі мен әлеуметтік мәртебесін одан әрі арттыру жөнінде шаралар қабылдау қажеттігі айтылды.

Мұғалімдер — ұлттың ұзақ мерзімді прогресінің негізін қалайтын елдің интеллектуалды авангарды. Бізде ең жақсы бағдарламалар, заманауи мектептер және озық басқару жүйесі болуы мүмкін, бірақ жақсы мұғалімдерсіз ештеңеге қол жеткізе алмаймыз. Сондықтан педагогикалық жоғары оқу орындарына мақсатты, қабілетті жастарды қабылдауға ерекше назар аудару қажеттігі өткір қозғалды.

Жолдауда жетінші басымдық ретінде экологиялық жағдайды жақсарту және қоршаған ортаға ұқыпты қарау мәселесі нақтыланды. Еліміздің тұрғындары теріс экологиялық факторлардың әсерінен қорғалуы қажет. Бизнес табиғатты қорғау мәселесіне үлкен жауапкершілікпен қарауы керек.

Қазақстан өзінің табиғаты мен жер көлемі жағынан әлем елдері арасында ерекше орын алады. Сондықтан біз өзіміздің флорамыз бен фаунамды сақтау мәселелеріне ерекше назар аударуымыз қажет.

Еліміздегі орманды алқаптардың көбеюі экологиялық тепе-теңдікті сақтау және елдің одан әрі тұрақты әлеуметтік-экономикалық прогресі үшін өте маңызды екені белгілі.

Осының бәрін екіше келгенде, ұлттың ұтымды әрекетке жұдырықтай жұмылып, бірлікті үндеуі ерекше маңызды. Міне, осы тұрғыда Жолдауда көтерілген әрбір мәселе салмақты әрі бағыт-бағдарымыздың дінгегі бола алады.

Оразхан АЙДАРОВ,  
Қорқыт ата атындағы  
Қызылорда университетінің  
аға оқытушысы, география  
ғылымдарының кандидаты

/// ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

СУАРМАЛЫ ЖЕР —  
СЫРДЫҢ  
БАЙЛЫҒЫБейсенбі күні ҚР Парламенті Сенатының пленарлық отырысында  
Қызылорда облысында егін шаруашылығын дамытуды қолдау жөнінде  
ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің атына депутаттық сауал  
жолданды. Депутаттық сауал оқырман назарына ұсынылып отыр.

Құрметті Олжас Абайұлы!

Мемлекет басшысы 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Жолдауында: «Біз суармалы жер көлемін кезең-кезеңмен 2030 жылға қарай 3 миллион гектарға дейін ұлғайтуымыз керек. Бұл ауыл шаруашылығы өнімінің көлемін 4,5 есе арттыруға мүмкіндік береді» деген болатын.

Осы орайда, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және суармалы егіншілік өнімділігін арттыруға ғылыми негізделген, инновациялық агротехникалық шараларды енгізу арқылы ғана қол жеткізуге болатыны анық.

Арал өңірінде орналасқан Қызылорда облысында экспорттық әлеуеті зор саланың бірі — күріш шаруашылығы екені белгілі.

Соңғы статистика өңірде күріш өнімділігінің өсіп келе жатқанын көрсетеді. Дегенмен, ғылыми талдауларға сүйенсек, күріш өнімділігінің артуы үшін жоғары өнімді, сапалы тұқыммен, тыңайтқыштармен және арнайы препараттармен қамтамасыз етудің маңызы ерекше. Осы орайда, Сырдағы көптеген күріш шаруашылықтары өндіріс рентабельділігі мен еңбек өнімділігін арттыру мақсатында минералды тыңайтқыштар мен арнайы препараттарды, ауыл шаруашылығы техникалары мен тіркеме қондырғыларды, күріш тұқымдарын тікелей шетелден әкелуге мәжбүр. Алайда, шетелдік ауыл шаруашылығы техникаларының қосалқы жабдықтары мен сервистік қызметтері өте жоғары.

Сырдағы егін шаруашылығының кезекті проблемасы — ғаламдық климаттың өзгеруінен пайда болған су тапшылығы. Бұл жағдайда суды көп пайдаланатын күріш дақылдан бас тарту қажет деген пікірлер де туындауда. Жергілікті ғалымдардың айтуынша, бұл жаңсақ пікір. Себебі, Қызылорда облысындағы егін алқаптарының топырақ-мелиоративтік, гидрогеологиялық жағдайын және кәсіргі экологиялық ахуалды күрделендірмеу үшін топырақты кезең-кезеңімен сумен шаю қажет.

Күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты ғалымдарының зерттеулері бойынша Қызылорда облысындағы күріш егісін, тіпті, су тапшылығы жағдайында да мелиорациялаушы дақыл ретінде кемінде 80 мың гектар деңгейінде ұстап тұру маңызды. Өйткені, күріш егісін одан әрі қысқарту инженерлік дайындалған жерлердің тұзданып апаттық деңгейге дейін өсіріп жіберуі мүмкін және ол жерлердің ауыл шаруашылығы айналымынан шығуына әкеледі.

Бүгінгі күні күріш институтының ғалымдары жана күріш сорттарын шығарудан бөлек, малазықтық басқа да ауыл шаруашылығы дақылдарының жаңа сорттарын шығарып, олардың су, ресурс үнемдегіш технологияларын өндіріске ұсынуда.

Дегенмен, арнайы бюджеттік бағдарлама бойынша қаржыландыру деңгейінің төмендігіне және селекциялық техникалардың болмауына байланысты Күріш институтының мүмкіндігі толық пайдаланылмай

отыр. Яғни, күріш дақылдың жаңа сорттарын шығару және су, ресурс үнемдегіш технологияларын жасау үшін өндіріске ұсынуға бағытталған ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге бөлінетін қаржының көлемін ауыл шаруашылығы секторы тиімді елдердегі көрсеткіш деңгейіне дейін жеткізу қажет. Мысалы, көрші Ресейде мемлекеттің қолдауымен күріш сорттары үнемі жаңартылып, жылына 5-7 жаңа сорт пайда болады. Бүгінгі таңда Ресей шаруашылықтары күріштің 40-қа жуық өзіндік сорттарын пайдаланады, олардың өнімділігі біздегіге қарағанда 2 есеге артық және түпкі нәтижеде рентабельділікке әсер етеді.

Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында «Экологиялық ахуалды жақсарту — алдымызда тұрған негізгі міндеттің бірі» деп атап көрсетті. Осы орайда, Арал өңірі аймағындағы экологиялық хал-ахуалмен тығыз байланысты күріш өндірісін дамыту және оны жақсарту мақсатында ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру және күріш пен күріштік ауыспалы егістері әртарапандыру дақылдарының жаңа сорттарын жасауды жылдамдату, күріш шаруашылығының су және ресурс үнемдегіш технологияларын әзірлеу үшін Күріш институтының ғылыми-техникалық инфрақұрылымын қайта жаңғырту қажет.

Құрметті Олжас Абайұлы, аталған мәселелердің әлеуметтік-экономикалық маңыздылығын ескеріп, мынадай кезек күттірмес шараларды:

1) Аймақтағы егін шаруашылығын тұрақты дамыту және саладағы проблемаларды шешуге бағытталған ұсынымдарды дайындау үшін ұсынылған Мемлекеттік инвестициялық жобаны қолдауды және институтты ғылыми кадрлармен қамтамасыз етуге мемлекет тарапынан қаражат бөлу;

2) елімізде конкурстық негізде бөлінетін ғылымды бағдарламалық - нысаналы қаржыландыруға арналған конкурстық құжаттаманың ғылыми-техникалық тапсырмасына өңірдегі суармалы егін жағдайында су тапшылығына бейімделген күріш және басқа әртарапандыру дақылдарының жаңа сорттарын шығарумен қатар, оларды өсіруге су және ресурс үнемдегіш агротехникаларды анықтауға, суармалы алқаптардың топырақ құнарлығын арттыруға зерттеулер жүргізуді арнайы енгізуді;

3) Сыр өңірінде су тапшылығы күшеюі жағдайының және инженерлік жүйедегі 178 мың гектар ауыспалы егістік аумағында қайта тұздану процесін алдын алу мақсатында Күріш шаруашылығы, Топырақтану және агрохимия, Өсімдік қорғау және карантин, Микробиология және вирусология ғылыми-зерттеу институттарының бірлескен кешенді ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуді;

4) Сыр өңірінде жерасты суларын егін шаруашылығына пайдалану мүмкіндіктерін зерттеп, ғылыми ұсынымдар әзірлеуді жедел қабылдауға қолдау білдіруіңізді сұраймыз.

Руслан РҮСТЕМОВ,  
Наурызбай БАЙҚАДАМОВ,  
Сенат депутаттарыҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ АУМАҚТЫҚ РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫНЫҢ  
ҚҰРАМЫ, ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ЖӘНЕ ЖҰМЫС УАҚЫТЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

«Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 6-бабы 3-тармағына, «2024 жылғы 6 қазанда республикалық референдум өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 2 қыркүйектегі №636 Жарлығына, «2024 жылғы 6 қазанға тағайындалған республикалық референдумды әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясының 2024 жылғы 3 қыркүйектегі №38/42 қаулысына сәйкес Қызылорда облысының аумақтық референдум комиссиясының құрамын, орналасқан жері және жұмыс уақытын хабарлаймыз.

## Қызылорда облысының аумақтық референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Қызылорда қаласы, «Сол жағалау» ықшам ауданы, Ғ.Мұхамеджанов 5А, «Қызылорда қаласының тарихы музейі» КМҚК ғимараты.

Телефон: 8(7242) 40-05-80.

Комиссия төрағасы — Ерұлтанов Әділбек Бөрібайұлы.

Төрағаның орынбасары — Накипов Болат Нұржігітұлы.

Хатшысы — Сырлыбаева Аягөз Мұратбекқызы.

Комиссия мүшелері: Ідірісов Бақытжан Жеткерұлы, Әнуарбек Берлібек Ахметұлы, Тұрабаев Еркін Ермағанбетұлы, Тағыбергелі Абай Тағыбергелі. Аумақтық референдум комиссиясының жұмыс уақыты: 09.00-13.00, 13.00-15.00-түскі үзіліс, 15.00-19.00.

Қызылорда облысының аумақтық референдум комиссиясы

/// БРИФИНГ

## ҚАЗАЛЫДАҒЫ ҚАРБАЛАС ТІРЛІК ҚАРЫШТЫ ДАМУҒА БАСТАЙДЫ



Жуырда Қазалы ауданында «Руханият орталығының» іргетасы қаланады. Құны 1,7 млрд теңге болатын жоба «Руханият жылы» аясында жүзеге асады. Қазыналы өлкенің мәдени-рухани өмірінде ғана емес, әлеуметтік-экономикалық бағытында да ауыз толтырып айтарлықтай өзгерістер бар. Бұл туралы аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет өңірлік коммуникациялар алаңында өткен брифингте айтты.

Ауылдардағы азып-тозған мәдени ошақтарды жаңалау жұмыстары жалғасып жатыр. Мысалы, Кәукейде 100 орынға шақталған клуб ғимараты салынды. Өнеміне дегенше ол да есігін айқара ашады. Ал «Майдакөлде» дәл осындай көлемдегі клуб енді салынууда. Ел қорғаны, жазуір батыр Жанқожа Нұрмұхамедұлының туғанына 250 жыл толу мерейтойын қазалылықтар бірауыздан дүркіретіп атап өтпек. Қазан айында аудан орталығында республикалық акындар айтысы, конференция және өнер жұлдыздары қатысатын гала концертке куә болады.

Білім саласының да алға басқанын байқау қиын емес. Биыл аудан бойынша 900-ге тарта оқушы мектеп бітірсе, соның 89%-ы ҰБТ-ға қатысты. Талапкерлердің орташа ұпайы 83,7 болды. Облыс бойынша ең жоғары 139 балды Әйтеке би кентіндегі №204 мектептің түлегі Нұрболат Жұбатқан жинады. Биыл аудан орталығындағы 11 білім беру ұйымына талапқа сай бейнекамера орнатуға қаржы бөлінді. 10 мектепке жабдықталған кабинет сатып алынады.

Халық денсаулығын нығайту – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Саланың материалдық-техникалық жағдайын нығайту мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Алдағы уақытта аудандық аурухана ғимаратына жапсарлас МРТ бөлімі, кардиология және инсульт орталығы салынады. Аудандық аурухананың екінші ғимараты, яғни бұрынғы тубдиспансердің, сондай-ақ бірқатар ауылдағы дәрігерлік амбулаториялар мен «Басықарадағы» фельдшерлік-акушерлік бекеттің бу қазандығын газдандыру көзделіп отыр, – деді Мейрамбек Шермағанбет.

Ауданда жер кезегін күткендер саны жыл өткен сайын артып келеді. Олардың сұранысын өтеу үшін бас жоспарға сәйкес Әйтеке би кентінің оңтүстік батыс беткейіндегі 600 гектар аумақтың инженерлік инфрақұрылым жобасы әзірленді. Енді тек тиісті комитеттердің мақұлдап, қаржы бөлуі қалды.

Елді мекендерді газбен қамту көрсеткішін 68%-ға жеткізу міндеті де қарбалас жұмысты қажет етеді. Биыл осы бағыттағы 3 жобаны жүзеге асыруға 2,2 млрд теңге жұмсалып отыр. Сәтін салса, Абай, Ақстан батыр, Жанқожа батыр, Бекарыстан би, «Майдакөл», Ү.Түктібаев, ауылының тұрғындары от жағып, құл шығарудың азабынан құтылатын күн алыс емес.

Назерке САНИЯЗОВА,  
«Сыр бойы»

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «НЕВАДА-СЕМЕЙ» ҚОЗҒАЛЫСЫ ОБЛЫСТЫҚ БІРЛЕСТІГІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҮНДЕУІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында 6 қазанда АЭС салу бойынша жалпыұлттық референдум өткізілетіндігін жеткізді.

Біз, Қызылорда халықаралық «Невада-Семей» қозғалысының облыстық бірлестігінің мүшелері Президентіміздің референдум өткізу бойынша ұсынысын қолдаймыз және атом электр станциясын салу қазіргі жағдайда еліміз үшін өте маңызды деп білеміз!

Бүгінде Атом энергетикасы тұрақты және экологиялық таза энергиямен қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Жаһандық жылыну және дәстүрлі энергетикалық ресурстардың сарқылуы жағдайында атом электр станциялары көміртегі шығындарын азайтудың және сенімді энергетикалық инфрақұрылымды қамтамасыз етудің тиімді әдісін ұсынады.

Ресурстары мол және электр энергиясына қажеттілігі артып келе жатқан Қазақстан үшін атом электр станциясын салу стратегиялық маңызды қадам.

Біз, Семей ядролық полигонында әскери боршың өтеген «Атом солдаттары», әскери мақсаттағы атом мен бейбіт атомның аражігін

жақсы түсінеміз және бүгінгі таңда атом электр станциясының құрылысы елдің тұрақты дамуы мен энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігі ретінде қабылдаймыз.

Біз, атом электр станциялары қазба энергия көздеріне тәуелділікті азайтып ғана қоймай, жаңа технологияларды дамытуға және жаңа жұмыс орындарын құруға ықпал ететіндігіне сенеміз.

Біз, ядролық апатқа қарсы қозғалысының мүшелері елімізде атом энергетикасын дамытуда ғылыми зерттеулер мен технологиялық инновациялардың әлеуеті жоғары екеніне сенеміз.

Біз, елімізде атом электр станциясының салынуын қолдау, бұл тұрақты болашаққа деген ұмтылыс пен энергетикалық және экологиялық шешімдердің заманауи жолы деп білеміз.

Біз, ядролық апатқа қарсы халықаралық «Невада-Семей» қозғалысының облыстық бірлестігінің мүшелері елімізде атом электр станциясын салуды қолдаймыз!

Қызылорда облысы бойынша «Қызылорда «Невада-Семей» қоғамдық бірлестігінің төрағасы С.ӘБШ және бірлестік мүшелері. Қызылорда, 3 қыркүйек, 2024 жыл.

## ТІЛ ЖАНАШЫРЛАРЫ ТҰҒЫР БИІГІНДЕ

Қызылордадағы «Достық үйінде» 5 қыркүйек – Қазақстан халқының тілдері күніне орай «Тілі бірдің тілегі бір» атты мерекелік шара өтті. Жиналған көпшілікті облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Қаюпов құттықтады.

– Қазақстанның тіл саясатында толерантты тілдік орта қалыптастыра отырып, мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру жоғары басымдыққа ие. Елімізде қазақылықтың қаймағы бұзылмаған әрі қазақ тілін қолданушылардың көптігімен ерекшеленетін облыстың бірі – Сыр өңірі. Түрлі этнос өкілдерінің мемлекеттік тілді еркін меңгеріп қана қоймай, оны қызметте, өзара қарым-қатынаста қолдануы үйлесімді тіл саясатын қалыптастыруға септігін тигізіп келеді, – деді ол.

Басқарма басшысы қазақ қоғамының рухани құндылықтарын нығайту, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Өткен жылдың соңында облыс әкімдігінің қолдауымен «Тағам атауларының сөздігі» жарыққа шықты. Әдістемелік құрал ел аумағында оң бағаланып, өңірлерге таратылды. Өткен жыл қорытындысымен шығыс құжат айналымындағы мемлекеттік тілдің үлесі жергілікті атқарушы органдар бойынша 99,8% болып, облыс республикада өңірлер арасында алдыңғы орынға шықты. Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысындағы



Президент тапсырмасына сәйкес және билығы «Руханият жылы» аясында жергілікті жастар арасында «Тіл айлығы» жарияланып, түрлі форматта шаралар ұйымдастырылды. Оған «Қазақ тілі» қоғамы ұйытқы болғанын айтуға тиіспіз.

Жиын барысында тіл жанашырлары мен сала мамандары облыстың Құрмет грамотасымен, облыс әкімінің Алғыс хатымен, Ғылым және жоғары білім министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Одан бөлек, түрлі номинация бойынша үздіктер аталды. Олардың қатарында облыстық «Qyzylorda» телеарнасының «Қоңыр әңгіме» хабарын

жүргізушісі Н.Мансұров, Сырдария аудандық №12 өрт сөндіру бөлімінің радиобайланысшысы З.Жидкова, «Тіл сақшысы» газетінің ұжымы, Қазалы өндірістік цехы, «Күнекей» балабақшасы, қалалық орталық емхана, «Дәстүр» отбасылық кешені бар. Бүгінде бейнетің зейнетін көріп отырған бірқатар азаматқа облыстық ардагерлер кеңесінің «Құрметті ардагер» төсбелгісі табысталды.

Салтанатты шара мерекелік шашу ретінде әзірленген концерттік бағдарламаға ұласты.

Назерке САНИЯЗОВА  
«Сыр бойы»

## ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ ТӘРБИЕДЕ

«Анаға тағзым» орталығында отбасы күніне орай облыс әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия мен «Әкелер одағы» облыстық қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Ziyatker Otbasy» интеллектуалдық сайысы өтті. Оған барлығы төрт отбасы қатысты.



Шараның ашылуында «Әкелер одағы» облыстық филиалының төрағасы Ержан Іскендір құттықтау сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

– «Отан отбасынан басталады» деп тегін айтылмаса керек. Әр адам отбасында сіңірген тәлім-тәрбиесін өмірлік ұстанымына айналдырады. Адамның тұлға болып қалыптасуы алғаш отбасында басталады. Әке, ана, бала ошақтың үш тағаны секілді бірін-бірі толықтырып тұрады. Бүгінгі шара сол құндылықтарды арттыруға баулиды. Мұның әр отбасы үшін маңыздылығы жоғары, – деді ол.

Іс-шараның мақсаты – бәсекеге қабілетті, ұшқыр ойлы интеллектуалды ұлт пен ұрпақ тәрбиелеу. Бұл – білімді коммуникативті, ізденгіш әрі тапқыр отбасы мүшелерін даралайтын жаңа жоба.

– Отбасы күні аясында осындай тағылымы терең мазмұнды сайыс өткізілуде. Сайысқа әкесі, анасы және 8-13 жас аралығындағы екі баласы қатыса алады. Қатысушылар 7 кезең бойынша сауалдарға жауап бере отырып, өзара жеңімпазды анықтайды. Бұл жерде әр отбасы бірлігін, ынтымағын танытып, топ болып бір бағытта жұмыс жасауды

көздейтін шара, – деді облыс әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия хатшысы Қаламқас Кәрімова.

Жарыс қорытындысы бойынша Жақсылықовтар отбасы жеңімпаз атанды. Екінші орын Сұлтан отбасына табысталды. Екі үшінші орынды Бекишевтар және Досаевтар отбасы иеленді. Барлық қатысушыларға алғыс хат пен бағалы сыйлықтар табыс етілді.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,  
«Сыр бойы»

## 2024 ЖЫЛҒЫ 6 ҚАЗАНҒА БЕЛГІЛЕНГЕН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ БОЙЫНША ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНДА САЙЛАУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУ КЕСТЕСІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

№	Сайлаушылармен кездесу орны	Мекенжайы	Кездесу уақыты
1.	Белкөл кенті әкімі аппаратының «Белкөл кентінің клубы» МКҚК	Қызылорда қаласы, Белкөл кенті, Т. Әбуов көшесі, №37.	2024 жылдың 11 қыркүйегі, сағат 10:30
2.	Тасбөгет кенті әкімі аппаратының «С. Майханова атындағы мәдениет үйі» МКҚК	Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Ш.Есенов көшесі, №5	2024 жылдың 12 қыркүйегі, сағат 10:30
3.	Қарауылтөбе ауылдық округі әкімі аппаратының «Қарауылтөбе ауылдық клубы» МКҚК	Қызылорда қаласы, Қарауылтөбе ауылы, А. Құнанбаев көшесі, №27	2024 жылдың 13 қыркүйегі, сағат 10:30
4.	Талсуат ауылдық округі әкімі аппаратының «Талсуат ауылдық клубы» МКҚК	Қызылорда қаласы, Талсуат ауылы, Ақмешіт көшесі, №62	2024 жылдың 16 қыркүйегі, сағат 10:30
5.	Қосшыңырау ауылдық округі әкімі аппаратының «Абай мәдениет үйі» МКҚК	Қызылорда қаласы, Абай ауылы, Бейбітшілік көшесі, №12	2024 жылдың 18 қыркүйегі, сағат 10:30
6.	Қызылжарма ауылдық округі әкімі аппаратының «Қызылжарма мәдениет үйі» МКҚК	Қызылорда қаласы, Қызылжарма ауылы, К.Сексенбаев көшесі, №38	2024 жылдың 26 қыркүйегі, сағат 10:30
7.	Қызылорда қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» мемлекеттік мекемесінің А.С.Пушкин атындағы орталық кітапхана	Қызылорда қаласы, П. Чайковский көшесі №8	2024 жылдың 2 қазаны, сағат 10:30



## ТҮЛЕЙ ТҮСКЕН «ТАСБӨГЕТ»

### Кәсіпкерлікке қолдау бар

Кейінгі жылдары «Тасбөгетте» кәсіпті дамыту бағытында мемлекеттік бағдарламаларға қатысу қарқыны артты. Биыл да көптеген тұрғындар бағдарламалар игілігін пайдаланып, кәсіптерін кеңейту үстінде. Бүгінде мемлекеттік бағдарлама арқылы 33 тұрғын жобасын қорғап, үкіметтен қолдау тапты. Тағы бір атап өтерлігі, кент дамуына қомақты үлес қосып жүрген кәсіпкерлер де бар. Солардың бірі – орталық саябақ жанынан биометриалды зертхана салса, енді бірі Е.Бозғұлов көшесі бойынан көпқабатты қызмет көрсету кешенін тұрғызды.

### Жиһаз жасайтын жігіт

Бүгінде тапсырыспен жиһаз жасау жақсы кәсіп көзіне айналды. Тасбөгет тұрғыны Бауыржан Сәрсенов «Ауыл аманаты» жобасы бойынша несие алып, жаңа технологиялар көмегімен жиһаз жасау ісін жандандырып келеді. Айтуынша, бұрынғыдай «Ресей, Беларусь жиһазы» деп ешкімді таңғалдыра алмайсыз. Керісінше тапсырыспен жиһаз жасататындар қатары жыл санап арта түсуде. Халық сапалы әрі сәнді өлшемге сай дайындалатын заманауи жиһазға көбірек мән береді.

Ол 2019 жылдан бері кәсібін жандандырып отыр. Бұл кәсіпті бастамас бұрын алдымен Алматы қаласында, кейіннен Қызылорда да арнайы цехтарда тәжірибе жетілдірген. Қазіргі таңда «Ваукин» шағын шеберханасын ашты. Мұнда жиһаздың түр-түрі жасалады. Кәсіпкер 4 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Жергілікті тұрғындардан бөлек Алматы, Шымкент қалаларынан тапсырыс беретіндер бар екенін айтады. Қажетті материалдардың басым бөлігі өзіміздің отандық өнімдер. Кейіпкеріміз кез келген жұмысқа тәртіп пен талап қажет екенін жақсы түсінеді. Келген тапсырысты жедел мерзімде бітіріп беруді өзіне міндет санайды.

– Адам баласына алдымен талап керек. Жасалмайтын жұмыс жоқ. Іс барысын бірден менгеріп алдық. Жыл он екі ай тапсырыс түсіп тұрады. Сапаға жұмыс істегеннен болар деп тұжырымдаймын. «Ауыл аманаты» жобасы аясында 7 млн теңге көлемінде несие рәсімдедім. Мемлекет кәсібіме қолдау көрсетіп жұмыс ауқымын кеңейтуіме үлкен мүмкіндік беріп отыр. Алған қаражатыма станок, басқа да цехқа қажетті құралдар алмақ ниеттемін. Сыр өңірінің өнімін брендке айналдыру ойым бар. Қызылорда қазакшылықтың қаймағы бұзылмаған өңір болғандықтан өнімнің ұлттық нақышта жасалуына баса мән беріп жатады. Сондықтан ұдайы ізденіс үстінде болып, тәжірибемізді жетілдіріп отырамыз. Өйтпексе болмайды, – дейді кәсіпкер Бауыржан Сәрсенов.

### Тігін цехындағы табысты тірлік

Қазір инновацияның дамыған дәуірі, жастар әртүрлі ғылыми жандандыру ашын, қолданьсақ енгізуде. Дегенмен, ұлттық қасиеттерімізге аса мән беруіміз қажет.

«Тасбөгет» кентіндегі «Нұр» тігін тігу цехына келушілер қатары аз емес.

Кәсіпкер Ғалия Маханова қайтарымсыз грант иегері атану арқылы өз кәсібін дөңгелентіп отыр. Грант қаражатын алған соң үш түрлі тігін машинасын алып, қыз жасауына тапсырыс қабылдауды бастаған. Қазіргі заманға сай сәндік үлгіде қыздарға арналған көрпе-тосек, жабындылар жасап, көптің алғысын алып жүр. Айтуынша, қазір қазақи нақыштағы ою-өрнекпен тапсырыс берушілер көп.

– Кәсіпті шын ынта-жігермен жасасаң өз жемісін береді. Алғашқы сәттен бірден игеріп кеттім. На-

ғашы әжем тігінші болған деседі. Ал анам киізге басатын түрлі оюларды пішіп беретін ісмер жан. Арал ауданында осындай қазақи құндылыққа негізделген жұмыстар жоғары бағаланады. Жастайымнан көріп-өсіп бойыма сіңірген қасиет өмірлік кәсібіме айналды десем болады, – дейді ол.

### Сапалы өнім жарнаманы қажет етпейді

Кенттегі пластик есік, терезе жасау шеберханасында жұмыс істейтін шебердің бірі – Бақытбек Мәдиев. Өзінің сөзінше, мұнда келгеніне көп уақыт бола қоймаған. Жұмысы жанына жақын.

– Келген тапсырыстарды дер

қалаға қарасты кент ретінде өз еншісін алды. Кенттегі бой көтерген 220 орындық мәдениет үйі жас таланттарды шыңдап, өнер сахнасына қанат қаттыруда. Аталған мәдениет үйі КСРО және ҚазКСР халық артисі Сәбира Майқанованың атымен аталады.

Кенттің тыныс-тіршілігімен біте қайнаскан мәдениет үйі түрлі шаралардың өткізілуіне үлес қосуда. Қазіргі таңда мұнда 8 үйірме жұмыс жасайды, үйірме мүшелері түрлі байқауларға қатысып, жеңімпаз атанып жүр.

Өткен жылы аймақ басшысының қолдауымен мәдениет үйі жанынан мүгедектігі бар жандардың шығармашылығын дамыту, талантын шыңдау мақсатында «Арман»



уақытында аяқтаймыз. Материалды құрастыру жағы станок машиналарымен іске асады. Мәселен, бір жиһазды 10 күн көлемінде толығымен аяқтап, апарып құрып береміз. Қалада осындай кәсіпкерлік орталықтары көп болса, жастар жұмыссыз жүрмейді деп ойлаймын. Сұранысқа сай жасаған сапалы өнім жарнаманы қажет етпейді, – дейді шебер.

Шебердің қолынан шыққан дүниелер көптің көңілінен де шығып, алғысына бөленуде.

Негізгі кәсіп иесі – Айгерім Тұрсын. Жас кәсіпкер қайтарымсыз грант иегері атанып, бес адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Жасаған өнімдері облыс орталығынан бөлек аудандарға да баралды.

### Білімді болу – заман талабы

«Тасбөгет» кенті – көптеген дарынды шәкірттер түлеп ұшқан таланттар мекені. Мұнда жалпы білім беретін 6 мемлекеттік және 2 жеке мектеп бар. Атап айтар болсақ, кент орталығында Ә.Тыныбаев атындағы №11 мектеп-лицейі, №257-ші орта мектеп, Н.Ерғешбаев атындағы №172 орта мектеп, №176-шы орта мектеп, Е.Әуелбеков атындағы №4 облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-лицей-интернаты, «Tamasha School» жеке мектеп, «Сабалақ» саяжайында №285 дарынды балаларға арналған қалалық мектеп-лицей-интернаты мен «Orda School» жеке мектебі жұмыс істейді.

Жалпы кенттегі білім беру мекемелерінде 2023-2024 оқу жылында 185 оқушы мектеп бітірсе, оның ішінде 180 оқушы ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысты. Екі оқушы «Алтын белгі» иегері атанса, 19 оқушы «Үздік аттестатпен» марапатталды. 134 оқушы грант иегері атанды. Бұған қоса үш мемлекеттік және алты жеке балабақша мен бөбекжайда бүлдіршіндер тәлім алады.

### Мәдениет – рухани өмір мәйегі

«Тасбөгетте» 1926 жылдан бастап клуб үйлері жұмыс істеді. 1938 жылдары халыққа 2 кітапхана, 38 қызыл мүйіз, 4 клуб қызмет көрсеткен. Уақыт өткен сайын мәдениет саласы өркен жайып, сонау соғыс жылдарының өзінде көркем өнерпаздар үйірмелері әлсіреген жоқ. Тіптіне тынысы кеңі түсті. 1997 жылдан бастап «Тасбөгет»

инклюзивтік театры ашылды. Қазір мұнда 8 мүгедектігі бар азамат жұмыс жасауда.

Кентте орналасқан қалалық №1 және №13 кітапханаларда барлығы 120189 дана кітап қоры, 5923 тұрақты оқырман бар.



### №4 қалалық емхана қашан салынады?

Басы ауырып, балтыры сыздаған кез келген жан алдымен дәрігер қарауында болады.

«Тасбөгет» кентіндегі №4 қалалық емхана 1984 жылы пошталық қызмет көрсетуге арналып салынған ғимаратта. Мұнда күнделікті 400-ге жуық науқас қабылдайды. Жергілікті тұрғындар жаңа типтік үлгідегі емхана салу керектігін жиі айтып келеді. Алдағы уақытта заман талабына сай жаңа ғимарат салынады деп күтілуде. Мұнда кент тұрғындарымен қоса Ж.Махамбетов ауылы, «Сабалақ» және «Наурыз», «Эдельвейс» саяжай тұрғындарына медициналық көмек көрсетіледі.

### Спорт кешені ашылды

Кенттегі спорт саласында да жарқын жетістіктер бар екенін айта кету керек. Мұнда жанашыл жоспарлар жасалып, ғимараттар, арнайы мектептер, секциялар ашылып жастарды жаңа спорт түрлеріне баулу. Өткен жылы аймақ басшысының қолдауымен кент орталығынан спорттық-сауықтыру кешені ашылды. Қазіргі таңда 700-ден астам тұрақты шө-

кірт тәрбиеленуде. №5 облыстық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің оқушылары спорттың әр түрінен Қазақстан Республикасы, Азия және Әлем чемпионаттарынан жүлделі орындарды иеленіп жүр.

### Қоғамдық кеңес – қоғамдық күш

Халық бірлігін арттырып, билікпен екіжақты әріптестік орнату бағытында қоғамдық кеңестер жұмыс істейді. Бұл ұйымдар ел бірлігін сақтап, жақ ұрпаққа ұлттық-патриоттық тәрбие беруде де маңызды рөл атқарады.

Әсіресе, жастардың ұлттық сана-сезімін оятып, рухани жағынан байытып, отансүйіштік қасиеттерге баулу. Соның бірі – бастауыш ардагерлер ұйымы. Бұл ұйымды ұзақ жылдан бері еңбек ардагері Рамазан Молдашұлы басқарып келеді. Кенттегі соғыс және еңбек ардагерлерінің есебі алынып, әлеуметтік картасы толтырылған. Тұрғылықты жердегі 90 жыл ардагері, 25 Ауған соғысына қатысушы, 11 Семей полигоны сынақтарына қатысушы, 3 Чернобыль апатының зардаптарын жоюға қатысушы, 80 Батыр ана тізімге алынған.

Бастауыш ұйым тарапынан тұрғындардың бірлігі мен ынтымағының артуына, жастар тәрбиесіне, ұлттық құндылықтардың сақталуына, халықтың тұрмыстық жағдайына, ардагерлердің әлеуметтік қорғалуына бағытталған істер жасалып келеді.

Ақыбек Арыстанов жетекшілік жасайтын қоғамдық кеңес – 2014 жылдан бері жұмыс істейді. Кентке қарасты кез келген үйінді мәселенің оң шешілуіне атсалысуда. Олар жергілікті жұртшылықпен жиі байланыста болып, өзара іс-қимыл жоспарын оңтайлы атқарады.

### Инфрақұрылым игілігі

2024 жылы қалалық бюджеттен бөлінген 124 млн теңгеге кенттегі әлеуметтік нысандар орналасқан 6 көшеге жау жүргіншілер жолы салынды. 5,2 млн теңгеге Ж.Мұратбаев, Қ.Исмайлов-1, Қ.Исмайлов-2 көшелеріне жалпы ұзындығы 2,65 шақырымды құрайтын 75 дана түнгі жарықшамдар орнатылды. Сондай-ақ кент әкімі аппаратының өзін-өзі басқару шотынан қаржы қаралып, тағы 3 көшеге жарықшамдар қойылды.

Мұнан бөлек, жалпы ұзындығы 12,7 шақырымды құрайтын 6 көшеге жарықшамдар қою жұмыстары үшін қаржы бөлініп, мемлекеттік сатып алу конкурсы арқылы жеңімпаз мердігер мекеме анықталды. Жоба құны – 34 млн теңге. Кент әкімі аппаратының үнемдел-

ЖОБА

## «Қызылорда қаласының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ережесін бекіту туралы» Қызылорда қалалық мәслихатының 2016 жылғы 01 ақпандағы №53/3 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қызылорда қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. «Қызылорда қаласының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ережесін бекіту туралы» Қызылорда қалалық мәслихатының 2016 жылғы 01 ақпандағы №53/3 шешімімен бекітілген Қызылорда қаласының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ережесіне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №5358 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған шешімімен бекітілген Қызылорда қаласының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ережесі осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қалалық мәслихатының төрағасы

Қызылорда қалалық мәслихатының 2024 жылғы № \_\_\_\_\_ шешіміне қосымша  
Қызылорда қалалық мәслихатының 2016 жылғы 01 ақпандағы №53/3 шешімімен бекітілген

Қызылорда қаласының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ереже

1. Жалпы ереже

1. Осы Қызылорда қаласының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес әзірленді және Қызылорда қаласының Құрмет грамотасымен наградтау және оны тапсыру тәртібін реттейді.

2. Қызылорда қаласының Құрмет грамотасы (бұдан әрі – Құрмет грамотасы) азаматтардың жемісті қызметін қоғамдық түрде мойындаудың көрінісі, маңызды моральдық ынталандыру құралдарының бірі болып табылады.

3. Құрмет грамотасымен:

1) халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты және мәдени байланыстарды нығайтуға үлес қосқан;

2) экономикадағы, әлеуметтік саладағы, ғылымдағы, мәдениеттегі, білім берудегі, денсаулық сақтаудағы, әскери және қоғамдық мемлекеттік қызметтегі елеулі жетістіктері;

3) белсенді қоғамдық-саяси және өнбек қызметі;

4) қайырымдылық қызметпен айналысқан;

5) өзге де сіңірген еңбектері үшін азаматтар наградталады.

Сондай-ақ, еңбегі сіңген шетел азаматтары марапатталуы мүмкін.

4. Құрмет грамотасымен қайта наградтау жүргізілмейді.

5. Құрмет грамотасы жоғалған жағдайда телнұсқа берілмейді.

6. Құрмет грамотасымен:

1) үміткерді ұсыну сәтінде заннамен белгіленген тәртіпте соттылық мерзімі өтелмеген немесе алынбаған;

2) сот арқылы іс-әрекетке қабілетсіз немесе іс-әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған;

3) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық іс-әрекеттері үшін жауапкершілікке тартылған азаматтар наградталмайды.

7. Құрмет грамотасымен наградтау тәртібі

7. Құрмет грамотасымен наградтау туралы ұсынымды еңбек, шығармашылық ұжымдарды, қалалық өкілді және атқарушы органдар, қоғамдық бірлестіктер атынан олардың басшылары енгізеді.

8. Құрмет грамотасымен наградтау туралы өз кандидатураларын өз бетімен ұсынған азаматтардан келіп түскен өтініштер қаралмайды.

9. Құрмет грамотасымен наградтауға байланысты құжаттамалық қамтамасыз ету шараларын, сондай-ақ марапатталған азаматтардың есебін «Қызылорда қаласы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – қала әкімінің аппараты) жүргізеді.

10. Азаматты немесе шетел азаматын Құрмет грамотасымен наградтау туралы ұсыныстар Қызылорда қаласының әкімдігіне мынадай мәліметтерді көрсете отырып жолданады:

- тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда);

- туған күні, айы, жылы;

- білімі туралы мәліметтер;

- жарғылық немесе құрылтай құжаттарына сәйкес ұйымның толық атауы;

- өтініш берілген күнге атқаратын лауазымын толық көрсете отырып, жұмыс орны;

- осы Ереженің 3-тармағына сәйкес өнбек қызметі, жетістіктері, құрметті атақтар, награддары.

11. Осы Ереженің 11-тармағында көрсетілген құжаттар қарау үшін наградтау күніне дейін 12 (он екі) жұмыс күнінен кешіктірмей Қызылорда қаласының әкімдігіне ұсынылады.

12. Құжаттардың уақытылы ұсынылмауы немесе ұсынылған құжаттардың осы Ереженің 11-тармағына сәйкес келмеуі өтінішхатты қараусыз қалдыру үшін негіз болып табылады.

13. Құрмет грамотасымен наградтау туралы келіп түскен өтінішхат 3 (үш) жұмыс күні ішінде қала әкімінің аппаратымен осы Ереженің 11-тармағына сәйкестігі тексеріліп, құрамында Қызылорда қалалық мәслихатының депутаты бар Қызылорда қаласы әкімінің жанындағы марапаттау комиссиясының (бұдан әрі – Комиссия) қарауына енгізіледі.

14. Комиссия Құрмет грамотасымен наградтауға ұсынылған құжаттарды 5 (бес) жұмыс күні ішінде комиссия отырысында қарап, хаттамалық шешім (бұдан әрі – шешім) шығарады.

15. Комиссия шешімімен Құрмет грамотасымен наградтауға келісім берілген ұсыныстар бойынша 2 (екі) жұмыс күні ішінде Қызылорда қаласының әкімі (бұдан әрі – қала әкімі) мен Қызылорда қалалық мәслихаты төрағасының (бұдан әрі – мәслихат төрағасы) Қызылорда қаласының Құрмет грамотасымен наградтау туралы бірлескен өкімі әзірленіп, оған қала әкімі мен мәслихат төрағасының қолдары қойылады.

16. Қала әкімінің аппараты 2 (екі) жұмыс күні ішінде Комиссия шешімімен Құрмет грамотасымен наградтауға мақұлдабаған ұсыныс бастамашысын жазбаша хабарлар етеді.

17. Құрмет грамотасына 2 (екі) жұмыс күні ішінде қала әкімі және мәслихат төрағасының қолдары қойылады.

18. Құрмет грамотасын тапсыру салтанаты түрде жүргізіледі. Құрмет грамотасын қала әкімі немесе қалалық мәслихаттың төрағасы немесе олардың уәкілетті ресми өкілдері табыс етеді.

3. Құрмет грамотасының сипаттамасы

19. Құрмет грамотасы келесі сипаттамада болуы қажет:

1) Құрмет грамотасы папкадан және жапсырмадан тұрады;

2) папка қою көк түсті баладектен жасалады. Папканың мұқабасында Қазақстан Республикасының Елтаңбасы (бұдан әрі – Елтаңба) орналасқан. Елтаңбаның астында алтын түспен «ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ» және «ПОЧЕТНАЯ ГРАМОТА» деген жазулар бар.

3) мұқабаның ішкі жапсырмалары ақ түсті, жиектері ашық қоңыр түстес қазақ халқының ою-өрнегімен көмкерілген.

4) жапсырманың көлемі биіктігінің төрттен біріндей деңгейде ортасына қарай Елтаңба орналасқан. Сол жақ жапсырмадағы Елтаңбаның астына «ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ», оң жақ жапсырмадағы Елтаңба астына «ПОЧЕТНАЯ ГРАМОТА» деген сөздер алтын түспен жазылған;

5) жапсырмада марапаттау мәтініне, қала әкімі мен мәслихат төрағасының қолдары мен мөрине орын қалдырылған.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,  
«Сыр бойы»,  
Суретті түсірген  
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

/// СЫР ЕЛІНІҢ ПЕРЗЕНТІ

Сыр өңірі еліміздің түлеп-түрленуі жолында тер төгіп, аймақтың абыройын асқақтатуға аянбай үлес қосқан аяулы перзенттерін әрдайым мақтан етіп келеді. Бұл құптауға тұрарлық. Қазір ғылыммен қаруланған жастар ата-бабаларымыздың асқан қиындықпен жүзеге асырған жанкешті тірлігін жеңілдетудің мың сан жолын тауып, оны өмірге батыл енгізіп жатыр. Оқыған-тоқығанын ел экономикасының өркендеуіне жұмсап жүрген жандардың бірі – Сыр өңірінің төл перзенті, ветеринария ғылымдарының докторы, профессор Болат Қаратаев.



# ВЕТЕРИНАРИЯ БІЛГІРІ

Сырдария ауданы (бұрынғы Терөзек) «Шаған» кеңшарында өмірге келген Болатпен сонау бала күннен танысып. Амангелді ауылындағы №42 мектепті бірге тәмамдадық. Әкесі Шайзада Қаратаев пен анасы Қайыркүл Нұрышқызы оқыған-тоқығаны мол, парасатты жандар еді. Шайзада ақсақалдың өңірдің өркендеуі жолында сіңірген еңбегі ескерусіз қалмады. Қазір Қызылорда қаласының іргесіндегі «Ақсуат» ауылдық округіне қарасты «Наурыз» шағын ауданындағы бір көше сол кісінің құрметіне берілген.

Ол кісінің ауыл шаруашылығы саласын дамытуға қосқан үлесі үшін (Сырдария ауданы Киров кеңшарында директор болып, теріс көрсеткішке кеткен ауылды алдыңғы қатарлы ауыл сапына көтергені ескеріліп) КСРО-ның үздік марапаттарының бірі – «Еңбек» орденімен және медальдармен марапатталуы еңбегінің елгенге десек жарасалды. Әкеміз де, өмір бойы ұстаз болған азамат да шын мәнінде қандай құрметке де лайық жандар еді. Осындай өмір тәжірибесі мол, көпті көрген тағылымды жандардың отбасында өсіп-өніп, тәрбие алған Болат бала күнінен-ақ төрт түліктің жайын, олардың кең далалардағы жер жағдайына бейімделу барысын зердесіне түйіп жетілді. Әсіресе, төрт түліктің сұлтаны – Қамбар ата тұқымына, соның ішінде жалқырығы төгіліп сар даланың атуалыға қызығушылығы тым ерекше болды. Байге атының бабын жасап, жаратып, кәнігі атсейістерден естіген білгенін кәдеге асырып орнымен қолдана білгенінің арқасында таң асырып, байгеге қосқан тұлпарлары аудандық, облыстық дүбірлі додаларда мерейін үстем етіп, жүлделі орындарға ие болып жүрді.

Болатпен жай ғана сыныптас емес, жан дүниеміз жақын, көзқарасымыз ұқсас, пікіріміз бір арнаға тоғысқан дос болдық. Екеуміз Сырдария ауданы Амангелді кеңшарындағы орта мектепті бітірген соң ауылда қалып, мал шаруашылығы саласында бір жыл жұмыс істедік. Мен жылқышы, ол жұмысшы болды. 1992 жылы Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтына түсіп, ветеринарлық-медицина факультетінде бес жыл бірге оқыдық.

Айта кетейік, біздің институттың атауы 1996 жылы Қазақ мемлекеттік аграрлық университеті болып өзгертіліп, кейіннен ұлттық университет мәртебесін алды. Болаттың жас күнінде ақ оқу-білімге деген құштарлығы зор болатын. Ауылда жүргенде қоршаған ортаның, оның ішінде ата-бабамыздан мирас болып келе жатқан кәнігі кәсібіміз – төрт түліктің жай-күйіне деген қамқорлыққа қоса қызығушылықтың әсері сапалы білім ордасына келгенде пайдалы дәрістерге ұштасты. Білімге құмарлығы ғылымға шексіз сүйіспеншілігін одан сайын бекемдей түсті. Бала күнінен атадан балаға аманатталған ұлтымыздың тұрмыс-тіршілігімен біте қайнасқан төрт түліктің жағдайын жақсартсам деген арманы орындалып, 1997 жылы Қазақ мемлекеттік аграрлық университетін тәмамдап, мал дәрігері мамандығын иеленді.

Сапалы білімге сатылап қол жеткізуге мақсаткерлікпен кіріскен Б.Қаратаев бір жылдан соң Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария институтының (ҚазҰЗВИ) аспирантурасына түсті. 2001 жылы «Жылқы сақауын анықтауға арналған эритроцитарлық антигендік диагностикалық тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, алдына қойған мақсатына біртабан жақындай түсті. Ғылыми қызмет саласында жылқы мен түйенің жұқпалы патологиясын, оның диагностикалық емдік дәрімектер мен вакциналарды зерттеп, өндіріске ұсынды. Ал 2007 жылы «Жылқы сақауы мен пастереллезіне қарсы ғылыми негізделген іс-шаралар» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғап, осы саладағы ең жас ғылым докторы атағына ие болды.

Ғылым өндірісті дамытатын үлкен күшке айналып келеді десек, оның таңдаған ғылыми бағыттары еліміздің мал шаруашылығындағы бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерін қамтиды. Мысалы, түйе арасындағы аса қауіпті оба індетіне қарсы вакцинация тиімді мөлшерін орнымен қолдану тәсілі түйе шаруашылықтарының дамуына айтарлықтай ықпалын тигізді. Жылқы арасында кенінен таралған сақау ауруына қарсы үлкен еңбекпен зерттеліп табылған вакцинасы еліміздің түкпір-түкпірінде жоғары тиімділікпен


осы уақытқа дейін кеңінен қолданылып келеді.

Ол ғылымға аяқ басқаннан бері Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария институтының жылқы және түйе аурулары зертханасының ғылыми қызметкері, аға ғылыми қызметкері, докторанты, «ҚазАгроИнновация» АҚ ҒЗВИ жылқы және түйе жұқпалы аурулары зертханасының аға ғылыми қызметкері, «ҚазҰЗВИ» ЖШС жылқы аурулары зертханасының меңгерушісі, бактериология бөлімінің бас ғылыми қызметкері болып абыроймен еңбек етті. Бүгінде ғалым «ҚазҰЗВИ» ЖШС-нің бас ғылыми қызметкері.

Б.Қаратаев – жылқы, түйе малы мен құстардың ауруына қарсы бірқатар вакциналық, диагностикалық, емдік дәрімектердің авторы және бірлескен авторы. Еңбеккер ғалымның ветеринариялық микробиология, иммунология, эпизоотология және ауылшаруашылық жануарларының жұқпалы патологиясы бойынша 130-дан астам ғылыми еңбегі мен екі монографиясы жарық көрді. Бұған қоса, ол 21 инновациялық және 1 евразиялық патенттің авторы. Мен кандидаттық диссертация қорғаған тұста ғылыми жетекшім болды. Кейін Индияның Хайдарабад қаласындағы ауыл шаруашылығын дамыту институтында, Германияның Штутгарт университетінде біліктілігін арттырып келді. Ветеринарлық ғылым саласындағы жетістіктері үшін талантты жас ғалымдарға арналған стипендияның екі мәрте иегері атануы жерлесіміздің ерік-жігерінің мықтылығын байқатады.

Міне, біз білетін Болат Қаратаев ердің жасы 50-ге толып отыр. Сыр елінен шыққан ветеринария ғылымдарының докторы, профессор, академик, еліміздің ауыл шаруашылығы саласына елеулі үлес қосып жүрген зиялы азамат – жан әлемін жақсылыққа арнаған жан. Өз саласын жетік меңгерген ғалымның ел экономикасын өркендетуге, ветеринария саласын биікке көтеруге атсалысып, абырой биігінен көріне беретініне сеніміміз кәміл.

**Дәулет ИБРАГИМ, ветеринария ғылымдарының кандидаты, Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария институты «Оңтүстік Қазақстан ғылыми-зерттеу станциясы» филиалының аға ғылыми қызметкері**



Ол өте сабырлы жан болатын. Мамандығы – мал дәрігері. Былайша қарасаң, әдебиетке еш қатысы жоқ мамандық. Бірақ ол адам жанына үңілуді, оның психологиясын тереңнен зерттегенді қалайтын. Адамға шарасы кең, ойлы көзімен байыппен қарайтын Сәкең – Сейтхан аға мен жұмыс істейтін «Жаңақорған тынысы» газеті редакциясына жиі болмаса да, оқта-текте соғып кететін. Аман-саулық сұрасып болып, редакторға жолығуға кіретін. Өйткені оның жергілікті баспасөзбен байланысы бақандай жарты ғасырға созылды.

Сәкеңнің бақылық болғанына да бес жылдың жүзі болыпты. Оның жанары жарқырап, салмақты күйінде баппен сөйлейтін, мейірімге толы қоныр дауысы әлі құлағымда тұрғандай. Соңғы рет 2019 жылдың көктемінде бір ағайын асында кездестік. Амандасып, аман-саулық сұрасып. Шымкентке көшіп кеткеніне 5-6 жылдың жүзі болған. Ағай ас соңында өзіне жолығуымды ескертті. Кездестік. Өңгіме барысында осыдан 7-8 жыл бұрын айтылған, қарт Қаратаудың қойнауындағы «Ынтымақ» ауылынан шыққан, бұл күндері арамызда жоқ, мемлекет және қоғам қайраткері Дая Мұстафаев, сазгер-күйші, медицина ғылымдарының докторы, профессор Жарылқасын Тұрлыбеков, шығыстанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы Әбжан Құрышжанов, жазушы Дүкенбай Досжан туралы зерттеу-естелік мақалалар жариялау туралы кайта еске алды. Сөз аяғында Үсенбаевтар әулетінен шығып бұл күні марқұм болып кеткен, медицина ғылымдарының кандидаты Мәмет Исамбайұлы, биология ғылымдарының докторы Әшім Исамбайұлы мен атақты желаяқ, КСРО спорт шебері Совет Исамбайұлы, өнертапқыш-байланысшы, ұстаз-ғалым, Қазақстан Республикасы «Қазтелеком» ААҚ конструкторлық бөлімінің жетекші маманы болған Айту Ағатаев туралы жазу керігің атап өтті. Сондай-ақ қазіргі кезде ортамызда жүрген ғалым, педагогика ғылымдарының докторы Шәркүл Таубаева, филология ғылымдарының кандидаты, профессор Гүлсара Алтынбекқызы, жазушы Тынымбай Нұрмағанбетов пен Дүниежүзілік дизайнерлер қоғамының мүшесі Ұлбосын Архабаева туралы мақала жазуды тапсырды. Бірақ газет жұмысы, қала берді жеке бас мәселелерімен жүріп ойдан шығарып та аласың. Өкінішті-ақ. Енді сол үлкендер туралы жазылар естеліктің бірін оның өзінен – Сейтхан Исабайұлымен жалғастырып отырмай.

Сейтхан аға 1944 жылдың 12 ақпанында қарт Қаратаудың қойнауының жазыққа ұласар тұсында орналасқан «Қосүйеңкі» колхозының басқармасы Исабайдың отбасында бесінші перзенті болып дүниеге келді. Жаңақорғандағы №51 орта мектептен білім алып шыққан ол алдыңғы кезеңдегі арқалап Алматыға тартыпты. Талапкер бозбала мемлекеттік емтихандарды ойдағыдай тапсырып, 1961 жылдың

қыркүйегін Алматы зооветеринариялық институтының табалдырығын студент болып аттайды. 1963 жылдың күзінде Сейтхан әскер қатарына шақырылып, 1966 жылдың қараша айына дейін Томск қаласы манында әскери борышын өтеді.

1970 жылдың басында Сейтхан Батыс Қазақстанның ару қызы, болашақ ұстаз Хапиза Насырқызына үйленеді. Сол жылы екеуі де институтты бітіріп, арнайы жолдамамен Қостанай облысына келеді. Сейтхан еңбек жолын Жетіқара ауданындағы негізнен қазақтың ақбас сиырын өсірумен айналысатын «Покровка» кеңшарында мал дәрігері болып бастайды. Ол мұнда мал тұқымын асылдандырумен айналысатын жетекші ғалым-селекционер мал дәрігерлерінен көпнәрсе үйренеді. Арада бірнеше ай өткесін кеңшар басшыларының келісімімен елге көшеді. Туған топырағына оралған Сейтхан 1971 жылдың басында «Төменарық» кеңшарына қатардағы мал дәрігері болып орналасады. Міне осы кезеңнен Сейтханның қиын да жауапты қызмет жолы басталып, осында маман ретінде қалыптасып, білік баспалдағына жол ашылды. Еңбекшіл де жаңалыққа жаны құмар жас маман қай кезде болмасын малшылардың қалаулы жандарының біріне айналды. Айналысқан шаруасын бір жақты етіп бітірмей жаны жай таппайтын Сәкең, кеңшар директоры Әбутәліп Алтыбаевтың да көңілінен шықты. «Жас келсе – іске» демекші, оған жас маманның тиянақтылығы, баз бір мамандардай өзім білемінге салып өрпекшіміз мәселені онынан шешетіндігі мен қарапайымдылығы ұнады. Ол аға дәрігер болып қызмет еткен жылдары мал өлімі азайып, өсірілуге қалдырылған төл саны артты. Бұған дейін мұндай жоғары көрсеткішке қол жетпей келген еді. 1973 жылы кеңшар мен аудан басшылығы жас маманның талпыныстары мен жеткен жетістіктерін саралай келіп «Коммунизм» бөлімшесіне (қазіргі Қожамберді ауылдық округіне) меңгеруші етіп тағайындады. Осындағы өткізген бес жыл туралы, сондағы өмір жолын кайта зердеге салған Сәкең:

– Алғашқы еңбек жолымнан бастап міндетін адалдықпен атқаратын шаруалар мен еңбекшілердің арасына түстім. Адам қасиеттері жоғары, жандуыңесі бай, еңбекке ынта-жігерімен берілген жандарды малшылар мен қарапайым жұмысшы-қызметкерлер арасынан көптеп кездестірдім. Сексеннен жасы асса да «тұғырынан түспеген» бүкіл

саналы ғұмырында ат үстінен түспей қой баққан, шаруашылықтың қыр-сырын, «малдың қырық қайыруын» түгел білетін нар тұлғалы «Ленин» орденді Тұрлыбек Құлыбаев, тәжірибелі де өнегелі шопандар Еңбек Ері Орынбай Бидашев, Сәулебек Құдияров, Оспан Торманов, Жартыбай Бекішев, бөлімше меңгерушісі Өскен Битабаров, бригадир Ақбай Жұрқабаевтың адал да ерен еңбектері кімге де болса үлгі боларлық еді. Әсіресе, білікті маман, Қазақстанға еңбегі сіңген мал дәрігері, «Ленин» орденді, «Төменарық» совхозын ұзақ жылдар басқарған Әбутәліп Алтыбаев пен бас мал дәрігері Әлаудин Үсейіновтің орны бөлек, – деген аға қос әріптесін сағына еске алып.

Ел тәуелсіздігін алғаннан кейін 1993 жылы аудандық агроөндірістік бірлестігінің бас мал дәрігері болып тағайындалған Сәкең, 1999 жылдың күзінен 2007 жылы зейнет демалысына шыққанша ветеринария саласының реформалануына орай Ауыл шаруашылығы министрлігінің аудандық аумақтық басқармасының мемлекеттік бас ветинспекторы қызметін атқарды. Өз мамандығына деген сүйіспеншілік Сейтхан ағаны біржақты алып кеткен жоқ. Ол берекелі де тату отбасының ұстыны бола білді. Жүрек қалауымен қосылған жары Хапиза Насырқызы екеуі 2 ұл мен 2 қыз өсіріп, олардан 12 немере сүйді. Ол ұлдары мен қыздарын тәрбиелі етіп өсіріп, мамандық ауларына ықпал етті. Ұлдары мемлекеттік деңгейде қызметте болса, қыздары ана жолын қуып қазақ тілі мен әдебиеті мамандары, жоғары оқу орындарында сабақ береді.

Сәкең тек кітап оқумен шектелмей шығармашылықпен айналысатын жандармен де достық қарым-қатынаста болды. Оның жергілікті ақын Дінісман Досқелділымен, атақты ақын Мұхтар Шахановпен, сатирик Көпен Әмірбекпен, жазушы, жерлес-құрдасы, Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері Тынымбай Нұрмағанбетовпен, дарынды ғалым, филология ғылымдарының докторы, тюрколог, Орхон-Енесей және қына жазуы мен шағартай тілдерін зерттеуші Әбжан Құрышжановпен арадағы достық-шығармашылық байланысын мақтана айтуға тұрарлық дүние. Әсіресе оның Әбжан Құрышжановтың 80 жасқа толуына орай ауданымызда өткен ғылыми конференцияда жасаған баяндамасы көпшілік көңілінен шыққанын айтуды өзімің азаматтық парызым деп білемін. Мұның үстіне заман ағымымен қоғамдағы қалыптасып отырған жағдайлар туралы оның қаламынан шыққан «Ұят деген немене?..», «Қандай музыка тыңдайсыз?..», «Біз су қадірін білеміз бе?..», «Дайындық қалай, шаруа?», «Ғалымға құрмет» атты проблемалық мақалалары, «Керек кәсіп қайда бар?» атты ойтамызығы мен «Айтайын дегенім», «Нәрлі әңгіме туралы», «Қазақ тұтқыны», «Ауыл анасы атанған», тағы басқа да көңіл пернесін дір еткізіп еріксіз назарыңды аударатын шығармашылық дүниелерінің құндылығы жоғары. Өттен енді Сәкеңдей-Сейтхан ағайдай тек өз мамандығын сүйетін жан ғана емес шығармашылықпен айналысып, айналасына мейірім-шуағын төгіп тұратын жанның арамызға қайта оралмайтыны өкінішті.

Иә, биыл көзі тірі болғанда Сейтхан аға 80 жасқа толар еді.

**Ерубай ҚАЛДЫБЕК, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Жаңақорған ауданының Құрметті азаматы**

# ҚЫЗМЕТТІК КӨЛІКТІ ЖЕКЕ МАҚСАТТА ПАЙДАЛАНУҒА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыс бойынша Департаментімен орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелері мен жергілікті атқарушы органдардың қызметтік автокөлікті қызметтік емес мақсаттарда пайдаланбау жөніндегі мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеуді сақтауына талдау жасалды. Талдау нәтижесінде 7 факті анықталды. Мәселен, биыл сәуір айында орталық мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесінде бекітілген қызметтік автокөлік жұмыстан тыс уақытта басқарылған.

Аталған факті бойынша «Facebook» әлеуметтік желісінде қызметтік көлікпен түнгі уақытта қылмыс жасалғандығы туралы посты жарияланып, қоғамдық резонанс тудырған. Орталық мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесінің жүргізушісі жұмыс уақытынан кейін күнделікті автокөлікті жарғаға қою тәртібін сақтамай, өз ауласына қойып, түнгі уақытта қылмыс жасаған танысын қызметтік

көлікпен жеткізіп салған. Орын алған жағдай бойынша Қазақстан Республикасы «Еңбек» кодексі талаптарын бұзғаны үшін жүргізуші жұмыстан босатылған.

Екінші факті, мамырда жұмыстан тыс уақытта көлік құралын басқару құқығы жоқ бола тұра, қызметтік көлікті лауазымды тұлға басқарған.

Бұл бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылып, лауазымынан босатылған.

Ал қалған 5 факті – қызметтік автокөліктерді жұмыстан тыс уақытта басқару, көлік құралы қозғалысының белгіленген жылдамдығынан артыру. Осыған орай әкімшілік іс қозғалып, айыппұл салынған.

Талдау нәтижесі қызметтік көліктерге жауапты болып бекітілген мемлекеттік мекеменің бірінші басшылары тарапынан мемлекеттік мүлікті тиімді және тек қызметтік мақсатта пайдалануға, құ-

жаттардың толық рәсімделуіне тиісті бақылау болмағанын көрсетеді.

Бұдан басқа, орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелері мен жергілікті атқарушы органдардың қызметтік автокөлікті қызметтік емес мақсаттарда пайдаланбау жөніндегі мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеуді сақтауына талдау қорытындысы Әдеп жөніндегі кеңесте қаралып, мемлекеттік органдардың басшыларына тиісті ұсыныстар енгізілді.

Алдағы уақытта мұндай шаралар жалғасын тауып, қызметтік көліктердің жеке мақсатта пайдалануына жол бермеу қатаң бақылауға алынатын болады.

**Әлия ХОЖБАНОВА, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Қызылорда облысы бойынша департаментінің мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының бас маманы**

## Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Косбергенов Мурат Каирбекович (лицензия №14002321, 24.02.2014ж.) 2024 жылдың 11 сәуірінде қайтыс болған азамат Жұқаш Толыбайдың атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: **Қызылорда қаласы, Көшербаяв көшесі 203, тел.: 8 778 235 08 08, 8 777 067 92 37.**

\*\*\*  
Қызылорда қаласының жеке нотариусы Косбергенов Мурат Каирбекович (лицензия №14002321, 24.02.2014ж.) 2023 жылдың 27 тамызында қайтыс болған азамат Байманов Сөзак Нурдилевичтің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: **Қызылорда қаласы, Көшербаяв көшесі 203, тел.: 8 778 235 08 08, 8 777 067 92 37.**

/// МУЗЕЙДЕГІ МҰРА

## ҚОРДАҒЫ ҚҰНДЫ КІТАПТАР қалай тіл қатады?

Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорында әлі мазмұны ашылмаған парсы, шағатай, араб тілінде жазылған 160-тан астам қолжазба мен көне кітаптар қоры сақтаулы. Соның бүгінде жиырмасын ғана зерделеп, аударуға мүмкіндігі болды. Бүгін хакім Абайдың араб әрпімен 1909 жылы және шамамен 1922 жылдары басылып шыққан көне кітабы жайлы сөз қозғағалы отырмын.



Абайдың алғашқы жинағы 1909 жылы Санкт-Петербургте Кәкітай мен Тұрағұлдың бастырып шығарған жинағына ақынның жүз отыз бес өлеңі, оның отыз тоғыз аудармалары, «Ескендір», «Масғұт» поэмалары он жеті бөлікке бөлініп жарияланды. Кітаптың тағы бір құндылығы – Кәкітай Ысқақұлының Абай (Ибрагим) Құнанбайұлының өмір жолын қоса жазып бастыруында.

Жинақ «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» басталған екен. Өлеңнің төртінші қатарындағы «Кім көңілді көтеріп болады ерме» деп жазылса, бұл жолдағы «көтеріп» сөзі Абай жинақтарында «көретін» деп беріліп жүр. Сол сияқты алтыншы қатардағы «адам» сөзі жинақтарда «өмір» деп, келесі бір жерлердегі «кезбек» сөзі жинақта «кезіп» деп берілгені болмаса, анау айтқан алшақтық кездесе бермейді. Кітаптың құндылығы Абай шығармаларын ыждағаттылықпен жинақтап, сонау Петербурда үш жыл жүріп, бастырып шығаруында.

Ұлы ақын өлеңдері көзі тірісінде халық арасында жатталып, кеңінен таралып, ауыз әдебиетінің жауһарына айналды. М.Әуезовтің «казак ортасында Абайдың шығармаларын сүйіп, сүйсініп оқып, ұзатылар қыздар кезінде Мүрсейіт, Самарбай, Дайырбай сияқты көшірушілерге жаздырып алып, өздерінің жасау сандығына салып алып кеткен бір топ қыздарды білеміз» деген сөздері ақын шығармаларының қолжазба түрінде де көшіріліп таралғанын айғақтайды.

Ел ішінен тіркестеп жиған ұлы ақын мұрасын реттеп, қағаз бетіне түсіруді Кәкітай Ысқақұлы Мүрсейіт молдаға тапсырады. Мүрсейіт – Абай ауылында бала оқытқан, ақынның тапсыруымен өлеңдерін жазып алып отырған адам. Жинақталған өлеңдер саны 5 дөптерге жеткен. Жоғарыда атап кеткендей, Абай өлеңдеріне сұрау салған адамдарға да көшіріп беріп отырған. Жалпы Мүрсейіт қолжазбалары халықты ақын шығармашылығымен таныстыратын негізгі нұсқа болып табылады.

Кәкітайдың осы алғашқы жинақты шығаруындағы еңбегін «Абайдың баспа шығуында тарихтық, бірінші зор еңбек етуші – Кәкітай дейміз» деп заңға жазушы М.Әуезов өз бағасын береді. Осылайша Абайдың алғашқы жинағы 1909 жылы Санкт-Петербургтегі Ілияс Бораганский баспаханасында басылып шыққан.

Екінші құнды кітап – облыстық музей қорына 1982 жылы Мыната Қалдыбаев деген кісі сыйға тартқан Абай өлеңдер жинағы. Алайда бұл қолжазба бірде-бір рет экспозицияға қойылмапты. Араб әрпімен жазылғандықтан аса назар аудармаған болар.

Абай Құнанбайұлының бұл жинағы «Масғұт» поэмасымен басталған. Кітаптың алғашқы 38 беті жоқ. Поэманың алғашқы 14 қатар жолы жазылмағанын ескерсек, кітапта Ескендір поэмасы, тағы басқа шығармалары болған-ау деген ойға жетелейді. Поэма екі-ақ (39-40) бетте ғана жазылып, соңғы 116 қатар өлең жолдары түсіп қалған.

Кітаптағы 41-беттен басталатын «Сабырсыз, арсыз, еріншек» өлеңінің алғашқы 44-қатары жазылмай түсіп қалған. Бұл кемі екі бет өлең. Өлең «Өлең ағып тұрса бейне су» деген жолдарымен басталып, «Елдің жайы солай-ды» деген жолдармен аяқталған. Кітаптағы өлеңдер рет санымен қойылып, 256-бет болып белгіленіпті. Шығарма 13 бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлімдегі шығармалар түсіп қалғанымен поэмалары шығар деп топшыладық.

II бөлім – Сегіз аяқ, III бөлім –



Өзі туралы, IV бөлім – Замандастар, V бөлім – Уақыт, VI бөлім – Ой, VII бөлім – Өлең туралы VIII бөлім – Сүю туралы, IX бөлім – Сұлу қыз, X бөлім – Аттың сыны, XI бөлім – Аңшылық туралы, XII бөлім – Жылдың төрт мезгілі туралы, XIII бөлім – Тәржімалар бөлімі.

Кітапқа 135 өлең, 1 поэма енген. Соңғы бөлімде Лермонтов, Пушкин, Крыловтың 39 өлеңі бар. Кітап 11 санымен белгіленген «Бөтен елде бар болса» (Көжекбайға) өлеңі 42-50 бетке дейін жалғасып, 163 жол түгел берілгені. Одан соң 12 санды 50-52 беттердегі «Ішім өлген, сыртым сау» өлеңі де түгел сақталған. Бұған дейін 10 шығарма кітапқа еңбей немесе түсіп қалғандығы анықталып отыр.

Абай өлеңдері бұған дейін Мүрсейіт (1905, 1907, 1910 ж.ж.) және Ысқақұлы Кәкітай (1909 ж.) жинақтары негізінде оқырманға жеткені белгілі. Кәкітай – Абайдың інісі Ысқақұлы болса.

Көне кітаптағы өлеңдерді қазіргі баспадағы ақын өлеңдерімен салыстырып көруге де тырысып бақтық.

13 санды «Болыс болдым, мінекей» (Күлімбайға) 52-59 беттер өлеңінің 20-қатары «Жүрек кетті дуылда» деп жазылған. Бұл жолдар 1909 жылғы Кәкітай баспасындағы жолдарға сәйкес келеді. Ал Мүрсейітте бұл «Жүрек кетті дүрілде» деп берілген. Ал 34-ші өлең басқа жинақтарда «Мақтайым елімді» деп жазылған болса, бұл кітапта Мүрсейіт қолжазбасының негізінде «Мақтайым елімді» деп жазылыпты. Өлеңнің ең соңғы екінші жолы бұл кітапта «Көрмей тұрып құсамын» деп Кәкітай жинағындай болып берілгені. Ал бұл жол Мүрсейітте «Көрмей тұрып түсемін» деп жазылған.

15 санды «Білімдіден шыққан сөз» (61-63 беттер) өлеңінің 27-қатарындағы «Ұғар көңіл шын берік» деген бір қатар өлең жолы түсіп қалыпты. II бөлім – «Сегіз аяқ» деп аталып, онда «Сегіз аяқ» өлеңі реттік санымен 25 бөлікке бөлініп жарияланды. (89-100 беттер)

III бөлім – «Өзі туралы» бөліміне (100-120 беттер) он жеті өлең еніпті. Бұл бөлім бірінші «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңімен басталыпты. 5-ші санымен белгіленген «Кейде есер көңіл құрғырын» өлеңінің 8-ші қатары «Өлген сон о да үндемес» деп жазылыпты. Ал Абай кітаптарында бұл жол «Өлген сон ол да үндемес» деп жазылып жүр.

Ал 9-қатары «Махаббатсыз – дүние дос» деп берілген екен. Ол ақын жинақтарында «Махаббатсыз – дүние дос» деп жазылып солай айтып жүрміз. Осы өлеңнің қатарындағы «дос» пен «бос» сөздері баспаға басуда бір әріптен кәте кеткен бе, қоғамда қызу пікірталас тудырып жүр. Қайсысы дұрыс? Бұл жеңіл-желпі нәрсе емес басқа өлеңдерінде кездескендей бұл сөздер мағыналас синонимдер емес, шылау сөздер де емес. «Махаббатсыз – дүние дос, Хайуанға оны қосыңдар» деп Абай махаббатсыз есіл өмірдің бос, қайран уақыттың зая өтерін айтып отыр десек, «Махаббатсыз – дүние дос» деп берілген нұсқасында «Дүниеден суын! Жүректі тазарт! Құдайды таны!» деп өсиеттеген.

Өйткені кімге дүние дос болса, онда оның көкірек көзі жабық деген. Енді Абай бұл жерде «дүние» деп мал-дәулетті айтты ма, әлде күллі жарық әлемді айтты ма деген де ой туындайды.

6-шы «Не іздейсің, көңілім, не іздейсің?» өлеңіндегі 23-ші қатар «Билеткеннің бәрі ақша» деп берілгені. Ал бұл жол Абайдың кейінгі басылған жинақтарында «Б... байы – ақша» деп берілген. 8 санды «Ал сенейін, сенейін» деген Лермонтовтан аударма өлеңі «Өзім туралы» бөліміне еніп кеткен. Ал аудармалар арнайы XIII бөлімге топтастырылған. 13 санымен берілген «Сұм дүние тонап жатыр» 115 беттегі өлеңі не бәрі сегіз қатар екі шумақта берілсе, бұл өлең барлық жинақтарда он екі қатар үш шумақ болып жазылып жүр. 17-ші «Көңіл күй тағы да» деген 120-беттегі Лермонтовтан аударылған өлең «Өзім туралы» бөліміне еніп кеткен.

IV бөліміне 121-123 беттерге бас-аяғы екі өлең енген. V бөліміне «Уақыт туралы» 11, VI бөлімге «Ой туралы» 8, VII бөлім «Өлең туралы» бөлімге жүйеленген 5 өлең енген. VIII бөлімінде (158 бет) «Желсіз түнде жарық ай» өлеңінің алғашқы екі қатары ғана еніп, 18 қатары түсіп қалыпты. 3-ші «Қор болды жаным» өлеңі толық жазылған. 4-ші «Сен мені не етесің?» өлеңінің соңғы 20 қатары түсіп қалған. Одан кейін реттік саны жоқ бетте «Айттым сәлем, Қаламқас» өлеңінің алғашқы 20 қатары түсіп қалып, «Сізге сымбат, бізде ықыла» деген өлең жолдарымен басталып, бес шумақ басылған. 171-беттен бастап «Көзімнің қарасы» өлеңінің алғашқы 18 қатары жолы түсіп қалып, «Бейхабар жүргенсің» сөзімен басталады да, «Күн бар ма бір тынар?» (175-бет) деген жолмен аяқталған.

Кітаптағы «Қансонарда бүркітші шығады аңға, Тастан түлкі табылар аңдығанға» деген жолы 1909 жылғы баспаға сүйеніп жазылған, ал Мүрсейітте бұл «Тастан түлкі жолығар аңдығанға» деп берілген. Осы өлеңнің 9-қатары «Томағасын тартқан да бір қырынан» деп жазылған. Ал Мүрсейітте «Томағасын тарқан соң» деп берілген. Осы мысалдарға қарап кітаптағы Кәкітай жазбаларына қарай бұрмақ болса, 42-қатардағы «жасы үлкендер жанына байлағанда» деген Мүрсейіт нұсқасы берілгені, ал бұл жол Кәкітайда «байланғанда» деп берілгені. Аталған кітапта Абайдың қара сөздері жоқ. Ал Мүрсейітте (1905, 1907, 1910 ж.ж.) қара сөздері бар. Абай қара сөзі алғаш рет 1933 жылы жинақта басылғанын ескерсек, бұл кітап одан бұрын шыққан болуы мүмкін.

Кітап Ахмет Байтұрсынұлының төте жазу әліпбиіне келіңкіремейді. Төте жазу сөзде қанша әріп болса, сонша әріп таңбаларымен көрініс табады. Ахмет бойынша үш таңбалы әріп берілу керек болса, бұл кітапта екі таңбалы әріппен берілген. Ахмет бойынша «жанын» сөзі бес әріппен берілу керек болса, бұл кітапта араб әліпбиіне тән дауысты дыбыстарға фағха, кәфа, дамма харақаттарымен белгілеу ережесіне сүйеніп, дауысты дыбыстар белгіленгені, үш әріппен ғана жазылыпты. Өлі де зерделуді қажет ететін бұл кітап жайлы соңғы сөз ғалымдарда болуы керек. Түркітанушы ғалым Серікбай Қосанов: Бұл кітап 1922 жылы «Қазан» баспасынан қазақтың жас ақыны Бернияз Күлеевтің жинақтауымен жарияланған нұсқа болуы мүмкін деген қорытынды берген екен.

Жұмабай БАЙЗАҚҰЛЫ,  
өлкетанушы

## АНА ТІЛДІ АРҚАУ ЕТКЕН ЖЫР БӘЙГЕ

Қазақстан халқы тілдері күні мерекесіне орай қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен А.Тоқмағамбетов атындағы Мәдениет үйінде «Тілім – тірегім, Қызылорда – жүрегім» тақырыбында жас ақындар мүшәйрасы өтті.



Ана тілін арқау еткен жыр бәйгесінің ашылу сәтінде ұлт ұстазы, қазақ тіл ғылымының атасы, Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының дүниеге келген күніне орай тағдырлы өмір тарихынан сыр шертетін қысқаша бейнебаян көрермен назарына ұсынылды.

Мерекелік шарала қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Жағыпар Тәжмаханов көрермен қауымды атаулы мерекеміз құттықтады. Сондай-ақ жыр бәйгесінде бақ сынағалы келген жас ақындарға сәттілік тіледі.

– Әр мерекенің өзінің мәні, маңызы бар. Сол секілді ұлттық, кәсіби мерекелердің қатарында Қазақстан халқы тілдері мерекесінің де алатын орны ерекше. Тілге құрмет, ол – елге құрмет.

Қазіргі заманның талабына сәйкес кім қанша тіл білем десе де ешқандай шектеу жоқ. Өйткені бүгінде әлемдік ақпарат кеңістігі ұлғая түскен. Білімді, ғылымды түпнұсқадан үйренуге мүмкіндік мол. Алайда ана тіліміздің орны әрдайым оқшау тұруы тиіс! Сондықтан

аталған мереке аясында аймақта ұйымдастырылып отырған осындай іс-шаралардың идеологиялық мәні зор, – деді Ж.Тәжмаханов.

Жыр мүшәйраның шарты бойынша қатысушылар «Тілім – тірегім, Қызылорда – жүрегім» тақырыбы аясында ана тілін және туған жеріміз – Қызылорданы жырға қосыуы керек. Үміткер 10 ақын осы талап деңгейінде шығармашылық туындыларын көпшілік назарына ұсынып, қошеметіне бөленді. Ал жыр додасына ақындар Ғазиза Әбілда, Аққол Түменбай, Ұлықбек Бекұзақұлы қазылық етті.

Қорытындысында бас жүлдеге Қармақшы ауданынан келген Нұрқелді Өтепберген лайық деп танылды. Ал I орынды жас кітапханашы Нұргүл Төлеубай, II орынды облыстық «Ақмешіт жастары» газетінің тілшісі-сайт маманы Аружан Оралбай иеленсе, III орын жас талапкер Меруерт Тілеубайға бұйырды.

«СБ» ақпарат



## МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ӘЙЕЛ 8 ТІЛ БІЛЕДІ

Қызылордалық мүмкіндігі шектеулі әйел 8 тіл біледі. Тіпті кейбір шет тілінде өлең шығара алады. Әсия Сарықұлова – III топ мүгедегі. Кейіпкеріміз өз әңгімесінде өмірін күрт өзгерткен он жыл бұрынғы сұмдық жағдайды өкінішпен еске алды.

– Жол апатының кесірінен жүруден қалдым. Бірнеше жыл төсек тартып жаттым. Жолдасым жалғыз қалдырып кетіп, қатты күйзеліске түстім. Алайда жақындарым үнемі жанымнан табылатын. Ауруханада жатқанымда да адам үзілген жоқ. Олар менің қайтадан еңсе тіктеуіме көмектесті. Кейбір жандардың менен де ауыр халде екенін көріп, шүкірлік еттім. Жүруге ниет еттім, Алланың қалауымен тағымды тастап, аяққа тұрдым, – дейді қайсар жан.

Полиглот кейіпкеріміз бірнеше тілді қашан және қалай үйренгенін айтып берді.

– Өткен жылдың 90-жылдары ілім діні – исламға мойын бұрғанымда көп нәрседен хабарсызбын. Содан Құранның сөзін түсінгім келіп, араб тілін үйрене бастадым. Кейін Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде оқыған кезде бізді

араб тілімен қатар түрік, парсы, осман тілдерінде оқытты. Оқулықтар негізінен осы тілдерде еді. Күнімен-күнімен кітапханада отырып, қазақшаға аударуға тура келді. Соның арқасында бірнеше тілді жетік білетін деңгейге жеттім. Өзбекстанда туғасын өзбекшеңі жақсы білемін. 27 мемлекеттің тілін (татар, өзбек, башқұрт, ұйғыр, болгар, түркімен, эзербайжан, тағы сол сияқты) бір-біріне өте ұқсас болғандықтан оларды қатар меңгердім. Түрік тілін меңгерген адам бұларды жақсы біледі деп ойлаймын, – дейді Әсия Сарықұлова.

Қазақ, орыс, ағылшын тілдері онсыз да тізім басында тұр. Одан басқа, кейіпкеріміз түрік, араб тілдерінде өлең де шығарады.

Назерке САНИЯЗОВА,  
«Сыр бойы»

## АСҚАҚ РУХТЫ АРЛАНДАР

Бірінші алтынды пауэрлифтингтен 54 келі салмақ дәрежесінде жерлесіміз Давид Дегтяров алды. Ұзыннан жайылған тактай төсеніште жатып 188 келі зілтемірді екі қолымен сығымдай көтеруге қандай күш пен жүрек керек екенін ойлай беріңіз. Дегтяров бұл сыннан мүдірмей өтіп, Куба мен Қытай мықтыларынан артқа тастады. Ол бұған дейін Токио паралимпиадасында да топ жарған болатын.

Ел қоржынына екінші алтынды парадзодшы Ақмарал Науатбек салды. 48 келі салмақта белдескен Ақмарал Франциялық Сандрина Мартинені жеңді.

Мерген Еркін Ғаббасовтың күміс медалі Қазақстан қоржынына түскен паралимпиаданың алғашқы жүлдесі болды. Нысана көздеуден сыңға түскен Еркіннің шеберлігі көнігі мергендігімен ешкімді оздырмаған корейлік спортшыдан екі ұпай ғана аз бағаланды.

1-бет

Ал паражузу бойынша Нұрдаулет Жұмағали 100 метрге брасс әдісімен бақ сынап, екінші күміс медальді еншіледі. Сонымен бірге ол өз санатында жаңа паралимпиада рекордын жасалды. Дәл осы әдіспен жүзуден тағы бір қасқы спортшысы Әмір Мұратбеков мәреге жете алмады.

Ядро лақтыру түрінен Дастан Мұқашбеков қола жүлде иеленді. Оның нәтижесі – 16 метр, бұл да Азия құрлығындағы жаңа рекорд саналады. Қарағандылық спортшының жеңіс сәтіндегі қазақтың шапанын киіп, көк туымызды жамылып жүгірген көрінісі күллі елді қуантты.

Отандастарымыздың бұл жеңістері еліміздегі параспорты дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижесі екені белгілі.

Көк туымыз желбірей берсін, рухымыз асқақ болсын!

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,  
«Сыр бойы»

www.facebook.com/syrboiy.kz/

Меншік иесі  
**СЫР МЕДИА**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестірі

БАС ДИРЕКТОР  
**Марат АРАЛБАЕВ**  
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)  
БАС РЕДАКТОР  
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**  
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)  
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**  
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)  
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)  
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)  
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)  
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38  
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

https://twitter.com/syrboiy

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті  
ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)  
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
«АҚ» - ақылы қызмет.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.